

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

**БЕТПЕРДЕ ТАҒЫҢЫЗ**

**АРАҚАШЫҚТЫҚ САҚТАҢЫЗ**

**КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР**

#### АБАЙТАНУ



**АБАЙДЫ АРДАҚТАҒАН АМЕРИКА**

6-7

#### КӘСІБИ МЕРЕКЕ



**ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА – ҚҰРМЕТ!**

8

#### #ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 12 тамыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

**I компонентпен**

**1 216 626**

**II компонентпен**

**1 189 790**

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 12 тамыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

**I компонентпен – 10 806 085 адам,**

**II компонентпен 10 540 625 адам**

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны – **5 242 109**

#### KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

**13.08.2022**

**Түнде:** +16+18 °C  
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:** +28+30 °C  
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:** 2-7 м/с

**14.08.2022**

**Түнде:** +16+18 °C  
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Күндіз:** +30+32 °C  
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

**Желдің жылдамдығы:** 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №93 (6228) 13 тамыз, сенбі, 2022 жыл.

#### ӘКІМ

## БАҒЫТ – АНЫҚ, МАҚСАТ – АЙҚЫН

Шаһар басшысы Ерболат Досаев  
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласы әкімінің аудан халқымен кезекті кездесуіне қала әкімінің орынбасарлары, Қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық басқарма басшылары мен коммуналдық қызметтерге жауапты мекеме өкілдері қатысты. Кездесуге шамамен 300-дей аудан тұрғыны келді.

4-5

#### ҚАМҚОРЛЫҚ

## МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕК

Алматыда аз қамтылған балаларға оқу жылына дайындалу үшін қанша қаржы бөлінеді?



Алматы қаласының Білім басқармасы «Жалпыға міндетті білім беру» бағдарламасы бойынша бір балаға жергілікті бюджеттен 43 мың теңге бөлінетінін хабарлады.



**АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар; АӘК алмайтын, бірақ табысы бір адамға шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін отбасылар; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; төтенше жағдайлардан зардап шеккендер; мектептің алқалы ұйымдары айқындайтын оқушылардың өзге де санаттары Қордан соманы алуға құқылы.

Алғашқы екі жағдайда көмек алу үшін ата-анаға немесе заңды өкілге eGov немесе Жұмыспен қамту орталығы арқылы АӘК алуға өтініш беру қажет. Соңғы үш жағдайда көмекке үміткерді растайтын құжаттарды ұсынуы керек.

Ақша өтініш бойынша картаға түседі. Бөлінген қаражатқа мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алғаннан кейін ата-аналар мектеп әкімшілігіне 15 жұмыс күні ішінде фото және чектер ұсынуы керек. Бұл жағдайда фотосуреттер мен чектердің түпнұсқалығы тексеріледі.

#### ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы Абдулла Шахидпен кездесті.
- Қазақстан Орталық Азиядағы авиациялық қауіпсіздік саласында көшбасшы атанды.
- «Қазақстан халқына» қорынан бакалавриат бағдарламалары бойынша студенттер мен талапкерлерге барлығы 2350 грант бөлінді, ал шәкіртақының белгіленген мөлшері – 40 мың теңге.
- Еліміз бойынша жергілікті атқарушы органдар 3 мыңға жуық білім грантын бөлді.
- Елордада Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт ашылды. Ғимараттың бас күмбезінің биіктігі 90 метрге жуық, ал мұнаралары 130 метр. Мешітте 30 мың адамға дейін құлшылық ете алады.
- Мемлекет 400 мыңнан астам оқушыға қаржылай көмек көрсетеді.

www.almaty-akshamy.kz







## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

## ■ ПРЕЗИДЕНТ

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАҢА ӘДІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановты қабылдап, еліміздегі сот төрелігінің қазіргі ахуалы туралы баяндамасын тыңдады.

Жақып Асанов қылмыстық процесте ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақтау үкімдерінің саны 7 есе артқанын, азаматтық даулар бойынша жұмыс тәсілінің өзгергенін мәлімдеді. Соттар әкімдіктермен бірлесіп, дауларды шешудің соттан тыс институттарын дамытып келеді. Даусыз талап арыздар нотариустарға берілген және арбитраждардың, медиаторлардың, заң консультанттары мен еңбек инспекторларының құзыреттері кеңейтілген. Нәтижесінде 4 жыл ішінде сотқа түсетін талап арыздар саны 2,5 есеге – 900 мыңнан 340 мыңға дейін азайған. Соттағы татуласумен аяқталған істер 37 пайызға дейін артты.

Биыл 1 тамыздан бастап аумақаралық соттылық енгізілді. Істер автоматты түрде судьялардың мамандануын ескере отырып, бір соттың ішінде емес, бүкіл ел аумағындағы соттардың арасында бөлінеді. Жақып Асановтың айтуынша, бұл – жемқорлыққа қарсы жаңа әдіс.

Мемлекет басшысы қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот процестерінің сапасын арттыруға, сондай-ақ сот кадрларын іріктеуді жетілдіруге бағытталған қадамдар қажет екенін атап өтті.

## ■ СЕНАТ

## БАС ХАТШЫ БЕЙНЕҮНДЕУ ЖАСАЙДЫ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев БҰҰ Бас Ассамблеясы 76-сессиясының Төрағасы Абдулла Шахидпен кездесті.

Мәулен Әшімбаев БҰҰ-мен ынтымақтастық еліміздің сыртқы саясатына негізгі басымдығы екенін тілге тиек етті. Абдулла Шахид Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар дер кезінде қолға алынғанын және олар елдің одан әрі дамуына айтарлықтай үлес қосатынын атап өтті.

Сұхбаттасушылар алдағы уақытта Қазақстан астанасында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезіне тоқталды. Аталған форумның әлемдік діндер мен халықтарды жақындастыру және толеранттылық идеяларын ілгерілету ісінде маңызды рөл атқаратыны айтылды. Съезд аясында БҰҰ Бас Хатшысы Антониу Гутерриш бейнеүндеу жасайды деп күтілуде.

Абдулла Шахид Қазақстанның дінаралық және өркениетаралық диалогты қалыптастырып, оны нығайтуға қосып отырған үлесі мен осы бағыттағы жұмысының маңызын жоғары бағалады. Ол БҰҰ тарапынан съезге қолдау көрсетілгенін атап өтіп, қазіргі таңда дін лидерлерінің рөлі әлемді одан әрі дамыту және жаһандық диалог мәдениетін нығайту үшін өте маңызды екеніне назар аударды.

## ■ ҮКІМЕТ

## КАНТ МОНОПОЛИСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді, онда қант нарығындағы монополияға қарсы ден қою шаралары қаралды. Үкіметбасы қант монополисінің қызметін тексеруді тапсырды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин елімізде қанттың негізгі көлемі Жамбыл және Алматы облыстарында орналасқан төрт зауытта өндірілетінін атап өтті.

Бұл ретте елде өндірілген қанттың негізгі көлемін (шамамен 90%) ірі көтерме жеткізушінің сатып алғаны атап өтілді, оның іс-әрекеттерінен тауарды айналымнан алып қою белгілері байқалып отыр, соның салдарынан қанттың нарықтық бағасы 700–800 теңгеге дейін көтерілген, ал өндіруші зауыт оны 420–450 теңгеден сатады.

Қант сатудың динамикасын зерттеу барысында әр айдың соңында компанияда елдің жекелеген өңірлерінде сұранысты ішінара қанағаттандыруға мүмкіндік беретін қалдық қордың болғаны анықталды. Осыған байланысты Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілері бойынша тергеу тағайындады. Қаржылық мониторинг агенттігіне осы кәсіпорынның қызметін ықтимал бұзушылықтар тұрғысынан егжей-тегжейлі талдау тапсырылды.

## ■ ИНВЕСТИЦИЯ

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР

## ЖОЛДАР ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың AI Badie Group for Trading and Investment (ABG) компаниясының бас директоры Халед Мохамед Аль Бадимен кездесуінде онда автомобиль жолдарын салу саласындағы ынтымақтастық мәселелері қаралды.

ABG компаниясы еліміздегі ірі автожол жобаларын, соның ішінде республикалық маңызы бар жолдарды жаңғыртуды қаржыландырып, оларды жүзеге асыруға ниет білдірді.

«Біз шетелдік серіктестердің әрбір ұсынысын жоғары бағалаймыз, сондай-ақ инвестицияларды қорғау және қолайлы іскерлік ахуалды қамтамасыз ету бойынша барлық міндеттемелерімізді орындаймыз», – деді Әлихан Смайылов.

«Екі ел басшыларының белсенді өзара іс-қимылы, сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастардың қарқынды дамуы біздің Қазақстанға келуімізге себеп болды. Біз автожол жобаларын іске асыруды инвестициялауға мүдделіміз, сондықтан Қазақстан Үкіметімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істегіміз келеді», – деді Халед Мохамед Аль Бадимен.

## ■ «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ

## БӨЛІНЕТІН ГРАНТТАР – ӨТЕУСІЗ КӨМЕК

«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру шеңберінде талапкерлер мен студенттерден гранттар алуға өтінім қабылдау басталды. Мектеп түлектері мен студенттерге бөлінетін гранттар саны көбейді. Қордың мәліметінше, бакалавриат бағдарламалары бойынша студенттер мен талапкерлерге барлығы 2350 грант бөлінді, ал шәкіртақының белгіленген мөлшері – 40 мың теңге. Қордың 2022–2023 оқу жылының талапкерлеріне арналған білім беру гранттары мен стипендияларының жалпы саны – 850.

«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру грантына үміткерлер таңдалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының қабылдау комиссиясына 2022 жылғы 10–17 тамыз аралығында өтінім бере алады. Конкурсқа мүмкіндіктері шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар студенттер, жетім бала санатына жататын және көмелеттік жасқа дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тұлғалар, ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттер, толық емес отбасыдан, мүгедек балаларды тәрбиелеп жүрген отбасыдан шыққан студенттер, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар студенттер қатыса алады. Қор бөлетін гранттар өтеусіз көмек. Сома қайтарылмайды және грант алушы оқуын аяқтағаннан кейін оның оқуына жұмсалған қаражатты өтеуге міндетті емес.

## ■ АҚОРДА

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК –  
ҰЛЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев  
ҰҚК төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады



Президентке ұлттық қауіпсіздік органдарында жүргізіліп жатқан жүйелі трансформациялар мен жұмыстың негізгі нәтижелері туралы баяндалды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес ҰҚК құрылымы онтайландырылып, бөлімшелердің қызметтері мен міндеттері нақтыланды. Жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету, сондай-ақ дағдарысқа қарсы басқару жүйесіне жаңа тәсілдер енгізілді.

Ермек Сағымбаевтың айтуынша, Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының жұмысы қайта құрылып, лаңкестік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруші рөлі күшейтілді. Жыл басынан бері ТҚО мемлекеттік органдардың күштері мен құралдарын тарта отырып, 400-ден астам оқу-жаттығу өткізген.

Президентке берілген мәліметтерге сәйкес, алдын алу шараларының арқасында мемлекетке

900 миллиард теңге көлемінде залал келтіруі мүмкін оқиғаға тосқауыл қойылды. 37 миллиардтан астам қаржы бюджетке қайтарылды. ҰҚК материалдарының негізінде 791 қылмыстық іс, соның ішінде 49-ы жиі кездесетін сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қозғалды.

Мемлекеттік шекараны қорғауды ұйымдастыру күшейтіліп, жаңа технологиялар қарқынды түрде енгізіліп келеді. Шекара арнаулы күштері құрылды. Биыл қару-жарақ пен оқ-дәрілерді тасымалдаудың 203 заңсыз әрекетінің жолы кесілді. 9 мыңнан астам шекара тәртібін бұзғандар ұсталды. Сомасы 3,5 миллиард теңгеден астам валютаның, құны 10 миллиард теңге болатын тауарлардың заңсыз тасымалдануына жол берілген жоқ.

Елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі жетілдіріліп жатыр. Жыл басынан бері ҰҚК техникалық қызметтері инфрақұрылым объектілеріне жасалған 295 миллион кибершабуыл мен 2 мың DDoS шабуылдың жолын кесті.

Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, қару іздеу, қоғамға қауіпті ұйымдасқан қылмыстық топтардың және есірткі контрабандасы арналарының жолын кесу бойынша іс-шаралар жүргізіліп келеді. 900 келіден астам есірткі және 11 тонна прекурсорлар алынып, 16 есірткі зертханасы, 24 халықаралық және 45 өңірлік есірткі арнасы жойылды. Заңсыз айналымдағы 773 бірлік қару мен 20 мыңнан астам оқ-дәрі тәркіленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ҰҚК органдары қызметінің бағыттары бойынша өзекті сын-қатерлер мен қауіптерді ескере отырып, бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## ■ МИНИСТР

5 МЛН ГЕКТАР ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ  
ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Еліміздің Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев ауыл шаруашылығы жерлерін анықтау және қайтару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы есеп берді.

Оның айтуынша, жыл басынан бері және 10 тамыздағы жағдай бойынша комиссия 1 млн 119 мың га жерді мемлекетке қайтарды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,7 есе көп. Былтыр көрсеткіш 400 мың га көрсеткен болатын.

«Қазір 2 млн 94 мың га алаңда жер пайдаланушыларға қатысты 724 жоспардан тыс тексеру жүргізілуде, прокуратура органдарында 698,4 мың га жерді тексеру бойынша 48 өтініш тіркеу сатысында тұр», – деді министр.

Жалпы, комиссия 7,45 млн га



алаңда 2584 субъектіге қатысты тексеру жүргізуді жоспарлап отыр, оның ішінде – 585,2 мың га егістік пен 6,86 млн га жайылым жер бар. Биылғы жылдың соңына дейін мемлекет меншігіне пайдаланылмай жат-

қан және қолданыстағы заңнаманы бұза отырып берілген 5 млн гектарға дейін ауыл шаруашылығы жерлерін қайтаруды жоспарлап отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ӘКІМ

# ТҮРҒЫНДАР ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев қаланың бірқатар денсаулық сақтау нысандарын аралады

Қала басшысы Бостандық, Наурызбай, Алатау, Жетісу, Түркісіб, Медеу аудандарындағы медициналық мекемелерде болып, Алматы қаласының денсаулық сақтау нысандарының жағдайымен танысты.



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Қалада нәресте өлімінің жиі болуына байланысты ең ірі босандыру мекемесі – Алматы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы қала әкімі барған алғашқы нысан болды.

Жыл сайын орталық 12 мыңнан астам адамға медициналық көмек көрсетеді. Мамандар ана мен бала өміріне қауіпті 9000-нан астам босанды қабылдайды. Оған салмағы өте төмен, туа біткен жүрек ауруы және басқа патологиялары бар балалар жатады. Орталықта балаларды күтетін және кардиохирургиялық оталар жүргізетін білікті мамандар бар (орташа есеппен жылына 150–200 ота жасалады). Алайда, орталықтың қолданыстағы инфрақұрылымы, әсіресе операциялық-реанимациялық бөлімшелер мен емханалар күрделі жөндеуді және жаңғыртуды талап етеді. Операциялық бөлмелерде желдету мүлдем жұмыс істемейді, жылыту жүйелерін, кәріз құбырларын ауыстыру, шатырды, жеделсатыларды жөндеу қажет.

Қала әкімі Ерболат Досаев Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қаланың Құрылыс басқармасымен бірлесіп, 2023 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарына кірісу үшін осы мәселелерді шешуге тапсырма берді.

Сонымен қатар, әкім қаланың 3 ауданының (Наурызбай, Әуезов, Алатау) тұрғындарына қызмет көрсететін №7 қалалық ауруханаға барды. Бұл аудандар халықтың ең жағымды табиғи өсімімен ерекшеленеді. Сондықтан аурухана сапалы инфрақұрылымды қажет етеді. Қабылдау бөлмесінің жаңа кор-



пусымен танысқаннан кейін Алматы қаласының әкімі жұмыс сапары барысында анықталған кемшіліктерді Құрылыс басқармасына қысқа мерзім ішінде жоюды тапсырды. Ерболат Досаев сондай-ақ, аурухананың ескі корпусының операциялық блогын модернизациялауды жүктеді. Жобалау жұмыстарына қажетті қаражат ағымдағы жылы бюджетті күзгі нақтылау кезінде бөлінетін болады.

## АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК – САЛАДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҚ

Қала әкімі барған келесі нысан – Алатау ауданының тұрғындарына МСАК аясында көмек көрсететін №22 қалалық емхана. Қала басшысы алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту денсаулық сақтау саласындағы маңызды басымдық екенін атап өтті. Е.Досаев емхананың барлық бөлімшесінің жұмысымен танысып, дәрігерлер мен инфрақұрылымға түсетін жоғары жүктемені атап өтті. Мәселені шешу үшін «Саялы» ықшамауданында бір ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізілуде. Жаңа ІАҚ осы емхананың жүктемесін азайтып, Алатау ауданының «Көкқайнар», «Саялы» және «Томирис» ықшамауданы тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ерболат Досаев Жетісу ауданындағы 66 776 адам тіркелген №11 қалалық емханада болды. Емхана бір ауысымда 700 келушіге арналған. Емхана корпустарының бірінде сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу аяқталуда. Шаһар басшысы Құрылыс басқармасына құрылыс жұмыстарының сапасын бақылауды күшейтуді тапсырды. Аралау кезінде қала әкіміне Жетісу ауданының тұрғындарына КДУ тізімін кеңейту үшін емхана аумағында компьютерлік томография модульдік орталығын салу бойынша жоспарлармен таныстырды.

Жұмыс сапары барысында қала әкімі №4 қалалық клиникалық ауруханаға барды. Клиника травматология және ортопедияға мамандандырылған және Түркісіб, Жетісу аудандары мен Алатау ауданы тұрғындарының бір бөлігіне қызмет көрсетеді. Жыл сайын медициналық мекемеге 80 мыңнан астам емделуші жүгінеді. Бүгінде триаж жүйесінің стандарттарына сәйкес емделушілер ағынын тиімді бөлу үшін қабылдау бөлімшесін мо-

дернизациялау қажет. Сондай-ақ, қала әкіміне зертханалық бөлімшелердің жұмысын сапалы жақсарту үшін жеке инвестицияларды тарту бойынша жоспарлар ұсынылды. Ерболат Досаев мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында инвесторлардың ұсыныстарын зерделеуді және аурухананың қабылдау бөлмесін қайта құру бойынша жобалық жұмыстарды бастауды тапсырды. Өйткені, ол травматология және ортопедия саласындағы құзыреттіліктің озық орталығы болуға тиіс.

## ОНКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖОБАЛЫҚ-СМЕТАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Сондай-ақ, қала басшысы қаланың барлық тұрғынына, еліміздің басқа да өңірлерінен келетін емделушілерге қызмет көрсететін қалалық онкологиялық орталықта болды. Қазіргі уақытта Медеу ауданында 250 орынды онкологиялық орталықтың құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Қала әкімі құрылыс және денсаулық сақтау басқармаларына онкологиялық стационардың ағымдағы жүктемесін ескере отырып, ұсынылатын төсек қорының қажеттілігін қосымша зерделеуді тапсырды. Сонымен қатар, қала басшысы Денсаулық сақтау басқармасының назарын онкологиялық науқастарды ерте анықтау және скрининг бойынша МСАК деңгейінде жұмысты күшейту қажеттігіне аударды.

Ерболат Досаев Медеу ауданындағы қала орталығынан алыс орналасқан «Алатау» ауруханасында болып, ғимараттың сейсмикалық күшейту жұмыстарының барысымен, сондай-ақ емхананы дамыту және жабдықтау жоспарларымен танысты. Бүгінде емхана ғимараты инженерлік желілерді модернизациялауды, күрделі жөндеуді қажет етеді. Осы емхана аумағында компьютерлік томографияның модульдік орталығының құрылысы бойынша жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша қала әкімі Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, атап айтқанда, «қадамдық қолжетімділік» қағидаты аясында халықты сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берді.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Қала әкімдігінде көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі талқыланды

Қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен жауапты басқарма басшыларының, аудан әкімдерінің, көлік компаниялары мен ғылыми мекемелер өкілдерінің қатысуымен 2022 жылға арналған Алматы қаласының көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Кеңес барысында ағымдағы жылға арналған жол инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есеп тыңдалды. Жоспарға жолайықтар салу, көшелерді ұзарту, шағынаудандарда жол салу, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және т.б. кіреді.

Бүгінде Алматының көше-жол желісінің ұзындығы 3097 шақырымды құрайды, оның 234 шақырымында қатқыл жабын жоқ. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесінің көрсеткішін 2025 жылға қарай 95%-ға дейін жақсарту қажет. Жыл сайын 70 шақырым жаңа жол салу, ұзындығы кемінде 200 шақырым жолды орташа және 350 мың шаршы метрден астам асфальтбетон жабынын ағымдағы жөндеумен қамту қажет.

Қазіргі уақытта қалада үш жолайықтың құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін Бұқтырма көшесі, Құлжа трактісі, Саин – Мөңке би және Сейфуллин – Жансүгіров көшелері бойындағы жолайықтың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Кеңес барысында үш көшені ұзарту бойынша ағымдағы жұмыс

барысы талқыланды. Саин көшесін ұзарту келесі жылы, Төле би көшесін ұзарту жер учаскелерін сатып алу және қайтарып алу мерзімдеріне байланысты 2024 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Кездесу кезінде жалпы ұзындығы 9,3 шақырым болатын Рысқұлов даңғылы, Жұбанов, Қажымұқан көшелері мен Абай даңғылын жалғайтын төрт жобаның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу барысы туралы баяндалды.

Қала әкіміне «Алғабас», «Әлмерек», «Қайрат» және «Ақжар» сияқты төрт шағынауданда жол салу жұмыстарының барысы туралы баяндалды. Үш шағын ауданда («Шаңырақ-1», «Шұғыла» және «Шапағат») атқарылатын жұмыстар кезекте тұр. Биыл барлығы 70 шақырым жаңа жолдың құрылысы жүргізілуде. Жол жұмыстары энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен келісе отырып, инженерлік желілер құрылысының аяқталуына қарай орындалатын болады.

Орташа жөндеу жұмыстары аясында ұзындығы 219 шақырым 221 көшеде, оның ішінде қаланың 18 магистральды көшесінде жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 87 көшеде орта-



ша жөндеу жұмыстары аяқталды. Жолдардың сапасына кері әсер ететін негізгі проблемалық мәселелер апатты қазу фактілері, коммуналдық қызметтер мен жеке құрылыс салушылардың желілерді тарту бойынша жоспарлы жұмыстар болды. Қала әкімі жұмыс тиімділігі мен сапасын арттыру үшін қала аудандары басқармалары мен әкімдіктерінің іс-қимылын үйлестіруді тапсырды.

Кездесу барысында жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының қызмет көрсетуі және жөндеу,

жол белгілерін салу және жаңарту жұмыстарының барысы туралы баяндалды. Жыл басынан бері 1712 жаңа жол белгілері орнатылып, 52 бағдаршам нысаны іске қосылды, 184 мың шаршы метр жол белгілері жасалды, 1200 метр жол қоршауы орнатылды.

Кеңес барысында мегаполис әкімі Е.Досаев қалалық Мобильділік басқармасына жөнделген учаскелердегі танбалардың сапасына назар аударуды тапсырды.

Қала басшысына жаңа техноло-

гиялар мен материалдарды қолдану, соның ішінде люктердің жаңа түрлерін, мастикалық лентаны, полимерлі негіздегі асфальтбетон қоспасын және т.б. пайдалану жөніндегі эксперименттік жұмыстардың алдын ала жасалған қорытындылары ұсынылды. Е.Досаев жолдарды салу және жөндеу кезінде жаңа материалдарды қолдануды қарастыруға тапсырма берді.

Метроның екі станциясының пайдалануға берілуіне байланысты бағыт желісін өзгерту жоспарлануда, оның ішінде жыл соңына дейін жақын арада жаңа төрт бағыттың ашылуы және ағымдағы 9 бағытты түзету күтілуде. Қала басшысы қоғамдық көлік жүргізушілері үшін автобустарға арналған бұрылу-өту алаңдарын жақсартуға ерекше назар аударуды тапсырды.

Кеңес барысында көлік әрі жолаушыларды отырғызу тораптарын, автобус паркттерін, автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын (АГТКС) және т.б. салу мәселелері талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша қала әкімі жолайықтар мен өтпелі жолдарды салу үшін жер учаскелерін сатып алуды жеделдетуді, жол белгілері мен бағдаршамдардың нашар көрінуіне байланысты ағаштарды санитарлық кесу жұмыстарын күшейтуді, сондай-ақ ағымдағы жылға жоспарланған барлық жұмыстарды кестеге сәйкес орындауды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





# БАҒЫТ – АНЫҚ,

## Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Білім саласында жаңалық көп

Мінберден сөз алған Ерболат Досаев аудан халқымен амандасып алғаннан кейін, тұрғындармен бұған дейін бір кездесу өткізгенін айта келіп, онда ауқымды мәселелер көтерілгенін тілге тиек етті. Кезекті басқосу ауданның дамуы мен тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстарға негізделген баяндамамен жалғасты.

Қала әкімі атап өткендей, аудандағы негізгі өзекті мәселе – халықты әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Бұл бағытта барлық салада ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, ауданда оқушы орындарының тапшылығын төмендету мақсатында 2022 жылы 1 мектепті ашу, 3 мектепті кеңейту және 2 жаңа мектепті жобалау жоспарланған. Биыл маусым айында 4-шағын ауданда 400 орынды «Достық» жеке мектебі ашылды. 1 қыркүйекке қарай №117 мектепке 900 орынды және №132 мектепке 825 орынды 2 жапсаржай пайдалануға беріледі.

Шаһар басшысының айтуынша, мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшылығын азайту мақсатында ауданда 280 орынды 2 мемлекеттік балабақша салу жоспарлануда. «Алтын бесік» шағынауданында 120 орынды бірінші балабақшаның жобалау-сметалық құжаттамасы қазан айының соңына дейін мемлекеттік сараптамадан өтіп, әзірленеді. Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың I тоқсанына жоспарланған.

10-шағын аудандағы 160 орынды екінші балабақшаны салу үшін қараусыз қалған балабақша ғимараты сатып алынды. Қыркүйек айында бюджетті нақтылау кезінде жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қаражат бөлінді. Келесі жылы мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін қолданыстағы ғимаратты бұзып, құрылысты бастау жоспарда бар.

Кездесу барысында Алматыда пилоттық режимде қыркүйек айынан бастап оқушыларды мектепке тасымалдайтын автобустар жүргізу жоспарланып отырғаны айтылды. Қала әкімінің айтуынша, Алматыда оқушыларды автобустармен тасымалдау мәселесі толық шешімін таппай келеді. *«Кеше ғана осы мәселе бойынша кездесу өткіздім. Бұл – пилоттық жоба болмақ. Әр ауданнан мек-*



*тептер таңдалды. Жалпы саны 28 мектепке балаларды тасымалдау автобустарын жүргізу пилоттық режимде жоспарланды. Барлығы орынды болса, бағдарламаны қыркүйектің соңына дейін қабылдаймыз», – деді Ерболат Досаев.*

### Емхана құрылысы басталмақ

Шаһар басшысы денсаулық сақтау саласында емханалардың шамадан тыс жүктелуі өзекті мәселе болып отырғанын айтты. Аудандағы жағдайды шешу үшін 2023 жылдың бірінші тоқсанына ауысымына 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысын аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, келесі жылы ауысымына 300 келушіге арналған №18 емхананың жаңа негізгі ғимаратының құрылысын бастау жоспарлануда.

Ауданның жол инфрақұрылымының сапасын арттыру мақсатында 50 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жыл соңына дейін ұзындығы 32,4 шақырым 23 көше мен өтпе жолдарды жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр.

Көлік ағынының шамадан тыс жүктелу проблемасын шешу де кезек күттірмейтін мәселе болатын. Тығырыктан шығу мақсатында ағымдағы жылдың мамыр айында метрополитеннің «Сары-Арқа» және «Бауыржан Момышұлы» екі жаңа станциясы іске қосылды. Бұл метродағы күнделікті жолаушылар ағынын 50-ден 70 мың адамға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

### 67 көшеге арық желілері салынады

Шаһар басшысы қалада үздіксіз жаңбыр жауған кезде аудан көшелерінде су басу жағдайлары жиі туындайтынын айтты. Өзектілігі басым мәселе бойынша ауданда үнемі су басатын 5 учаске анықталды. Бүгінде төтенше жағдай желісі бойынша 2 учаске ретке келтірілді. Қалған үш учаске бойынша жұмыстар жыл соңына дейін аяқталады. Ол үшін Момышұлы көшесінде диаметрі 1 метр және ұзындығы 2,1 шақырым жаңа су бұру каналы салынады. Сондай-ақ, Жұбанов, Қабдолов, Өтеген батыр көшелеріндегі ұзындығы 3,5 шақырым коллектор қалпына келтіріледі.

Бұдан басқа, ауданда 2023 жылдың соңына дейін ұзындығы 44 шақырым 67 көшеде арық желілері салынып, қайта жаңғыртылатын болады. Жыл соңына дейін ұзындығы 4 шақырым 5 көшені аяқтау жоспарлануда.

### Өркениет белгісі

Халықты сапалы сумен қамтамасыз ету мәселесі қала тынысы үшін басым бағыттардың бірі. Ауданда инженерлік инфрақұрылымды дамыту бөлігінде келесі жылдан бастап ұзындығы 61,8 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы мен модернизациялау басталады. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша «Достық», «Мамыр-4» шағынаудандарында, «Саин – Шаляпин – Жандосов – Қарғалы өзені» көшелерінің орамында, сондай-ақ «Арычная, Ықылас, Западная» көшелерінде сумен жабдықтау және су бұру желілерін салуға және жаңғыртуға жобалау-сметалық құжаттама

### АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

● Биыл 12 мамырда өткен алғашқы кездесуде аудан тұрғындары «Ақсай-1 А» шағынауданының бірнеше үйінің ауласы мен «Жетісу-2» шағынауданындағы №31 үйдің маңындағы қозғалысты қауіпсіздендіру туралы өтініш білдірген болатын. Аталған мекен-жайлар бойынша жылдамдықты шектейтін жол белгілері мен «жылдамдық бәсеңдеткіш» орнатылды.

● Ауданда 50 көшеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, ұзындығы 16,9 шақырым 17 көше мен өтпе жолдар орташа жөнделді.

### СҰРАҚ-ЖАУАП

Әкімге алғаш сауал жолдаған Әуезов ауданы тұрғындарының бірі Баян Құспекова мүгедектігіне байланысты денсаулық сақтау мәселесі бойынша көмек сұрап, аудан басшылығынан жұмыспен қамтамасыз етуді өтінді.

– Мен екінші топтағы мүгедекпін. Жалдамалы пәтерде тұрамын. Аудан әкімдігі мен белсенді адамдар азық-түлік жағынан көмек беріп тұрады, оған алғысымды білдіремін. Мен тек дәрі-дәрмек пен медициналық көмек жағынан қолшын берулеріңізді сұраймын. Сонымен қатар, өз қолым өз ауыма жететіндей жұмыс тауып берсеңіздер.

Шаһар басшысы Баян Құспекованың өтінішін бей-жай қалдырмай, барынша көмектесуге уәде берді.

– Медициналық қамтамасыз ету мәселесі бойынша мен қазір тапсырма беремін. 2-топтағы мүгедек адамдар бір жерге бекітілгеннен кейін, заңды түрде медициналық көмек көрсетіледі. Пәтер мәселесі бойынша жақын уақытта үй тауып береміз дей алмаймын. Көмек күтіп кезекте тұрған адамдар көп. Дегенмен, бір реттік қаржылай көмек көрсете аламыз деп ойлаймын. Сайран Сайфеденов (Әуезов ауданының әкімі – ред.), бұл мәселені жеке назарыңызға алыңыз, – деп тапсырма берді Ерболат Асқарбекұлы.

Аудан тұрғындарын мазалайтын келесі мәселенің бірі – көліктің көптігі мен автотұрақтың жетіспеушілігі болды. Көшелердің тарлығы мен кентелістердің орын алуы аудан тұрғындарына ынғайсыздық тудырып отыр.

– Ықшамаудандар өткен ғасырдың ортасында салынған. Ол кездегі құрылысшылар дәл осындай көліктердің көп болатынын ойламаған. Қазір барлық жүргізуші өзі тар көшенің бойына көліктерін қойып, көшені жауып тастайды. Мысалы, жедел жәрдем көлігі ондай жерден өте алмайды. Сондықтан көп деңгейлі тұрақтар жасау керек.

– Біз Алматы қаласында көп деңгейлі тұрақтар жобасын дайындауды бастадық. Дайындық барысында қала атынан жалаға берілген тұрақтардың көптігі анықталды. Мен алдағы уақытта меншік иелеріне шарт қоймақшымын. Олар осы уақытқа дейін бұл тұрақтан бірталай қаражат тапты. Енді 50–100 көлікке арналған аумақта, 500 орынға 5 қабаттық көлік тұрағын салу қажет. Біз жыл соңына дейін үлкен бағдарлама дайындап, оны қалалық мәслихатқа ұсына-

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ



мыз. Ол қабылданып, көп деңгейлі тұрақтар салына бастаса, тұрғын үйлердің аулалары босай бастайды. 2023 жылы жобаға жеке инвесторларды тартуды бастаймыз. Қазір бұл өзекті мәселе болып отыр. Жаңа тұрғын кешендеріндегі көліктердің саны жеке адам басына есептелген тұрақтар-

дан асып кетеді. Сондықтан бұл мәселені барынша шешуге тырысамыз, – деді қала басшысы.

Әуезов ауданының тұрғыны оқушыларды мектепке тасымалдайтын қоғамдық көліктердің мән-жайын сұрады.

– Менің сұрағым, жалғызбасты және көпбалалы ана-





# МАҚСАТ – АЙҚЫН

## Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

әзірленуде. Аталған жобаларды іске асыру 2000-нан астам абонентті сапалы сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қала әкімі өткен кездесуде «Восход» бау-бақша серіктестігінің тұрғындары жеке аумақта орналасқан трансформаторлық қосалқы станцияны ауыстыру туралы өтініш білдірген болатын. Бүгінгі күні бұл қосалқы станция жақын орналасқан бос жер учаскесіне ауыстырылды.

Сонымен қатар, «Сайран» шағынауданында Төле би – Өтеген батыр – Жұбанов – Сайран көлінің орамында ұзындығы 900 м таратушы жылу желілерін қайта жаңарту

жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталады. Аталған шаралар 16 көппәтерлі тұрғын үйде, 12 заңды объектіде және 1 мектепте жылуды үздіксіз беруді қамтамасыз етеді.

### Сайран көлінің түбі тазартылады

«Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында жыл басынан бері 8 үйдің жалпы пайдалану орындары жөнделді және 97 үйде 190 лифт ауыстырылды. Жыл соңына дейін 8

үйдегі 12 лифті қосымша ауыстыру жұмыстары және 32 үйдегі жалпы пайдалану орындарын жөндеу жоспарланып отыр.

Өткен кездесуде қала әкімі Саин көшесіндегі №4 үй тұрғындарының өтініші бойынша №4, №4/1 және №4/2 үйлердің жұмсақ шатырын қалпына келтіруді тапсырған болатын. Бүгінде сол шатырларды кепілдік міндеттемелер шеңберінде мердігер ұйым қалпына келтіріп қойды.

Қала әкімі басқарудың жаңа нысандары пәтер иелерінің кооперативінен мүлік иелерінің бірлестігіне көшу жайына арнайы тоқталды. Жаңа нысанға өтуді аяқтау мерзімі 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзартылғаны белгілі. Жалпы, Әуезов ауданында 338 мүлік иелерінің бірлестігі және 1189 жай серіктестік құрылып, тіркелді. Бұл 87%-ды құрайды.

Қала әкімімен кездесуде тұрғындар ағаштарды санитарлық кесу мәселелерін жиі көтеруде. Бүгінде тұрғындардың ұсыныстары бойынша №155 мектептің артындағы апатты ағаштарға санитарлық кесу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың соңына дейін 191 аула аумағын күрделі жөндеуді аяқтау жоспарлануда. Бүгінгі күні 9 және 11 шағынаудандардағы 30 аулада құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олар биыл қыркүйек айында аяқталады.

«Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында ағымдағы жылы барлық іріктелген 23 жоба бойынша құны 800 млн теңге болатын құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жобаларды жүзеге асыру тамыз айының соңына дейін аяқталады.

Сондай-ақ, әкім 2022 жылдың соңына дейін «Сайран» су қоймасының түбін механикалық тазарту жұмыстары басталатынын атап өтті. Іргелес аумақты қатар абаттандыра отырып, су қоймасын қайта құруға ЖСҚ әзірленуде. Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін 2023 жылдың 2 тоқсанында жөндеу жұмыстарына кіріспек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді. Ал бұл жолғы кездесу қала әкімінің Әуезов ауданы тұрғындарымен екінші мәрте кездесуі.

Қала әкімінің баяндамасынан кейін, кездесу дәстүр бойынша сұрақ-жауап айдарына ауысты. Онда тұрғындар жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



**1 қыркүйекке қарай №117 мектепке 900 орынды және №132 мектепке 825 орынды 2 жапсаржай пайдалануға беріледі.**



**Мектепке дейінгі мекемелерде орын тапшылығын азайту үшін 280 орынды 2 мемлекеттік балабақша салу жоспарлануда.**



**«Мамыр» шағынауданынан ауысымына 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория салынады.**



**Жыл соңына дейін 191 аула аумағын күрделі жөндеуді аяқтау жоспарлануда.**

### АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

- Мамыр айында метрополитеннің «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» деген 2 жаңа станциясы іске қосылды.
- Жауын-шашын мол жауған кезде аудан көшелерін су басу проблемасы бар 5 учаске анықталды. Бүгінгі күні 2 учаске реттелді, қалған 3 учаске жыл соңына дейін реттеледі.
- Саин көшесіндегі №4 үй тұрғындарының өтініші бойынша қала әкімі №4, №4/1 және №4/2 үйлердің жұмсақ шатырын қалпына келтіруді тапсырған болатын. Бүгінде сол шатырларды кепілдік міндеттемелер шеңберінде мердігер ұйым қалпына келтіріп қойды.

ларға қатысты. Сіз жыл басында тасымалдау автобустары болатынын айтқансыз? Осы мәселе шешілді ме? – деді тұрғын.

Алматы қаласының әкімі қыркүйек айында балаларды мектепке тасымалдайтын автобустар жүргізу пилоттық режимде жоспарланғанын хабарлады.

– Тасымалдау автобустары туралы көктемде айтқанмын. Мәселе әлі толық шешілген жоқ. Дегенмен, кеше ғана осы мәселеге байланысты кездесу өткіздім. Бұл пилоттық жоба болмақ. Әр ауданнан мектептер таңдалды, жалпы саны 28 мектепке балаларды тасымалдау автобустарын жүргізу жоспарланған. Барлығы орынды болса, бағдарламаны қыркүйектің соңына дейін қабылдаймыз.

Келесі сұрақ аудан көшелеріндегі қауіпсіздік мәселесіне қатысты қойылды.

– «Таугүл» ықшамауданы, Мұхамеджанов көшесінің тұрғынымын, бізді мазалап тұрған жол мәселесі. «Таугүл-3» ықшамауданына кіретін бір және шығатын бір көше бар. Ерсаев көшесін ортасынан қақпамен жауып тастаған. Сондай-ақ, Исаев пен Мұхамеджанов көшелері қиылысында «Сергей» бейнекамерасын қойсаңыздар. Ол жерде жүк көліктері жүруге болмайды деген белгі бар. Бірақ күніне 10–20-сы өтеді. 102-ге хабарласаң, алмайды. Осы мәселеге де назар аударсаңыздар.

– Арыстанғани Заппаров (Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы – ред.), 102 туралы өткен жолы да естідіңіз. Полиция бөлімшелеріне хабарласудың басқа жолдарын табу керек. Мысалы, смс беру. Өткен гасырда қалудың қажеті жоқ, жаңа мүмкіндіктерді пайдалану керек. Көшелерді жауып тастауға байланысты, Жер басқармасы айтылған мекенжайларды аралап, мәселемен толықтай танысады. «Сергей» камерасын қосымша орнатуға мүмкіншілік бар. Жақын арада №175 мектеп қасына камера қойылады, – деді Е.Досаев.

«Жетісу-3» ықшамауданының тұрғыны осы аймақтағы үй құрылысының жағдайын білгісі келді.

– «Жетісу-3» ықшамауданында салынып жатқан тұрғын үй кешенінің жағдайы қандай? Бұл үйлер салынбайды деген сыбыс шықты. Егер тұрғын үй салынбаса, оның себебі қандай? – деді қала тұрғыны.

Шаһар басшысы «Жетісу-3» ықшамауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салынбайтынын айтты.

– Бүгінгі бекітілген ереже бойынша бұл жерде тек 5 қабатты тұрғын үй салуға болады. Жекеменшік кәсіпкер оған келіспей отыр. Ал 9 қабатты үй салуға әкімдік рұқсат бермейді. Себебі, мұндай биіктіктегі үй өзге тұрғын үйлерге кедергі жасайды. Кәсіпкер 5 қабатты тұрғын үй салуға келіссе, құрылыс жалғасады. Жалпы, бұл жерге байланысты тамыздың соңына дейін шешім қабылдаймыз. Сондай-ақ, қала тұрғындарына ескерту айтқым келеді. Қала әкімшілігі тарапынан рұқсат берілмеген тұрғын үйлерге алдын ала ақша бермеңіздер!

Аудан тұрғыны «Жұбанов көшесін ұзарту қашан басталады?» деп сұрақ қойды.

– Қазіргі таңда Жұбанов көшесін ұзарту бойынша жобалау жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік сараптаманы алу жоспарланған. Бәрі ойдағыдай болса, келесі жылы құрылыс жұмыстарын бастаймыз. Бұл жоба Жұбановтан қала шекарасына дейін ұзартуды қарастырады. Ол Әуезов және Наурызбай аудандарының аумағы арқылы өтеді, Сәбденов көшесінің бойымен жартылай өтеді, көшенің ені 40 метр, яғни 4 жолақты жол. 180-ге жуық жер бар, – деп, қойылған сұраққа Алматы қалалық мобилділік басқармасының басшысы Ғани Мырзаханов жауап берді.

Сұрақ қойған келесі тұрғынның бірі аудан аймағын абаттандыру мен көгалдандыруды өтінді.

– Әуезов ауданы мен Бостандық ауданын салыстырсақ, бізде саябақ жоқ. Бала-шағамен шығып, серуендейтін аймақ жетіспейді. Мектеп жанының бәрі асфальтталып тасталған. Менің өтінішім, осы аймақта ағаш егіліп, тұрғындар демала алатындай саябақ, скверлер жасалса, – деді аудан тұрғыны.

Қойылған сауалға Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденов жауап берді.

– Биыл мектептің төмен жағында «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында жұмыс жасалып жатыр. Сондай-ақ, бытыр аймақтағы аулаларды көгалдандырып, «Мамырдың» 18 мекенжайы бойынша біршама ағаш отырғыздық. Алайда, айналадағы көгалға тұрғындардың өздері жауапкершілікпен қарауы керек. Тұрғындар жиналып сенбілік жасауға болады, – деді Сайран Төпеңұлы.

Сұрақ-жауап барысында келесі бір тұрғын мердігерлердің жосқынсыз жұмысы туралы айтты.

– №117 мектеп жанындағы ғимараттар арасында жыл сайын жаңбырдың салдарынан жол шұңқырлары пайда болады, жолды су басады. Онда жүру мүмкін емес. Бұл мәселе 6 жылдан астам уақыт бойы шешілмей келе жатыр.

– Мектеп жанындағы арық жүйесі дұрыс жасалмаған. Алдағы уақытта мердігер түзетулермен айналысады. Су басу мәселесі шешіледі, – деп жауап берді Құрылыс басқармасының басшысы.

Сұрақты толықтыра отырып, шаһар басшысы мердігерлерге мемлекеттік бақылауды күшейту керектігін айтты.

– Біз қала құрылыстарына сәулет-қадағалау бақылауын күшейту қажет екендігі туралы сұраққа қайта ораламыз. Бүгінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі құрылыс процесін бақылау үшін жаңа ережелер қарастыруда. Қала құрылысын бақылау басқармасы мортарий салдарынан кейбір құрылыс аймақтарын тексере алмайды. Тиісті ережелер қабылданса, әкімдік тарапынан бақылауды күшейтеміз, – деді қала басшысы.

**P.S.** Қала әкімінің аудан тұрғындарымен кездесуі үш сағатқа созылды. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің дені негізінен әлеуметтік салаға, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға, ауданды абаттандыруға және ескі тұрғын үйді жаңартуға қатысты болды. Қала әкімі тұрғындар қойған кейбір сауалдарға сол мезетте нақты жауабын айтып отырды. Ал күрмеуі қиын, түйткілді мәселелерді зерттеп-зерделеуді жауапты сала мамандарына тапсырды. Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

Дайындағандар Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Досбол АТАЖАН.





## ТАНЫМ

# АБАЙДЫ АРДАҚТАҒАН

## Осыдан 64 жыл бұрын Солтүстік Каролина штатында жарық

1958 жылы Америка Құрама Штаттарының Дьюк университетінің баспасынан «The Oral art and Literature of the Kazakhs Of Russian Central Asia» («Ресейге қарасты Орталық Азия қазақтарының ауызекі сөз өнері мен әдебиеті») деген кітап жарық көрді. Бұл зерттеу еңбектің авторы – АҚШ-тың славянтанушы және семиотик ғалымы Томас Густав Виннер.

Аталған кітапта қазақ әдебиетінің ауызекі нұсқаларынан бастап өткен ғасырдың елуінші жылдарының орта шеніне дейінгі шығармаларға жан-жақты талдау жасалды. Америкалық ғалым сөз өнеріміздің жәдігерліктерін белгілі бір тақырыптар аясында зерделеп қана қоймайды, оның өзіндік ерекшелігін де атап көрсетеді. Батырлар жырлары мен ертегілер, ақын-жыраулар мұралары, зар заман ақындарының өлең-жырлары жөніндегі ойларын айтады. Әдебиетіміздің тарихына қатысты нақты көзқарасын білдіреді. Автордың айтуынша, зерттеу 1947-1948 жылдары ойластырылып, Америка ғылыми қоғамдары кеңесінің екі мәрте жәрдемінің арқасында жүзеге асырылған.

Қазақ халқының әдебиетіне сонша құмартып, арнайы кітап жазған Томас Густав Виннер деген кім еді?

Ол 1917 жылы 3 мамырда Прагада дүниеге келген. 2004 жылы 20 сәуірде Америка Құрама Штаттарының Массачусетс штатында, Кембридж қаласында қайтыс болды. Лев Толстой, Иван Тургенев және Антон Чехов шығармаларын да жан-жақты зерттеген ғалым. Виннердің ғылыми еңбектері 6 тілде жарияланған. 1950 жылы Колумбия университетінде «Қазан төңкерісінің ерекше ықпалы аясындағы қазақтың ауызекі сөз өнері мен әдебиеті» (Kazakh oral art and literature, with special emphasis on the impact of the October Revolution) деген тақырыпта диссертация қорғап, PhD дәрежесін иеленген. Бұл зерттеу 1951 жылы баспадан шыққан.

Томас Густав Виннердің «Ресейге қарасты Орталық Азия қазақтарының ауызекі сөз өнері мен әдебиеті» атты кітабы 1958–2002 жылдар аралығында 17 рет қайта басылған. Демек, бұл кітапқа үнемі сұраныс болды деген сөз. Сондай-ақ, ғалымның осы еңбегі WorldCat жүйесіне кіретін әлемнің 421 кітапханасында сақтаулы. Осыдан-ақ америкалық зерттеушінің қазақ әдебиетінің құндылықтарын дүние жүзіне танытуға қаншалықты үлес қосқанын бағамдай беріңіз.

Біз, осы жолдардың авторлары, 1995 жылы АҚШ-тағы Оклахома мемлекеттік университетіне тазғылымдамадан өтуге барған сапарымызда оқу орнының кітапханасынан аталған кітапты іздеп тауып, көшірмесін елге алып келдік.

Томас Густав Виннер Абай мұрасының ұлт мұратымен сабақтас тұстарына айрықша көңіл бөледі. Ұлы ойшылдың ішкі әлеміне үңілуге тырысады. Ғалым дала данышпанының ел тағдыры, ұлт болмысы турасындағы ойларын өз халқына қапысыз жеткізеді. Бұл зерттеудің өткен ғасырдың орта тұсында мұхиттың арғы бетінде басылып шығуы қазақ әдебиетінің өзге де құндылықтарымен қатар, Абайдың да АҚШ-та ардақталуының көрінісі деуге болар. Виннердің ағылшын тілінен аударылған ғылыми еңбегінің бір парасын ықшамдап, оқырманға ұсынып отырмыз.

Амантай ШӘРІП,  
Бауыржан ОМАРҰЛЫ.



Томас Густав ВИННЕР

## ҮШ ДӘСТҮРДІ ҰШТАСТЫРҒАН

Томас Густав Виннер зерттеуінің бір бөлігі – Абай Құнанбайұлы шығармашылығына арналған. Жер түбінде жүріп біздің әдебиетіміздің жоқ-жітігін түгелдеген АҚШ ғалымы Абайдың қазақтың бас ақыны екенін жан-жүрегімен сезіне білгенге ұқсайды.

Қазіргі күні қазақтың өткен ғасырдағы аса ұлы ойшыл көсемі ретінде танылып отырған Абай Құнанбаевтың алдында өз халқына батыстың ілім-білімі мен әдебиетін жеткізу ғана емес, сонымен бірге ел-жұртына сол батыс мәдениетінің өзге де қырлары мен сырларын таныстыру ісіне жете көңіл бөлу міндеті тұрды. Абай өз еліне оқу-ағартудың ғана емес, сондай-ақ кең ауқымды әлеуметтік жаңғыртудың және халық мәдениетіндегі бағзы көзқарастарды қайта бағдарлаудың қажеттігін түсінді. Ол бара-бара өз заманындағы батысшыл зиялылардың мойындалған көшбасшысына айналды.

Абай дүниеге келерден аз ғана уақыт бұрын Ресей билігін қабылдаған көшпелі тобықты руынан шыққан ықпалды кісінің ұлы еді. Семейдегі мұсылман мектебіне (медресеге) оқуға түскен оның шығыс әдебиетіне ынта-ықыласының ертерек оянуына араб және парсы дәрістері әсер етті. Кейінірек ол орыс мектебіне ауысып, онда алғашқы поэзиялық туындыларын жазуға талпыныс жасады. Мұндағы оқуы оның әке мұрагері ретінде тәрбиеден өту үшін шаңырағына қайта шақырылуына байланысты үзіліп қалды. Ал бұл Абайды өз әкесінің билеп-төстеушілік ыңғайындағы пікірлеріне қарсы күрделі қақтығысқа ұшыратып, сол шиеленіс оның кейінгі шығармалары мен қазақ қоғамына деген сыншылдығына зор әсерін тигізді. Жиырма сегіз жасқа келген Абай өз отбасынан оқшауланып, орыс мәдениетін қайта зерттеуге кірісті.

Сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ ойшылдарының орташа білімімен салыстырып қарағанда,

шығармаларын өзінің ана тіліне аударды. Гегенің, Гейнениң, Байронның өлеңдерімен, классикалық грек әдебиетімен және батыс ойшылдарының, оның ішінде Дарвиннің, Спенсердің, Спинозаның еңбектерімен орысша аудармалары арқылы танысты. Гете мен Байронның поэзиялық шығармаларын орысша аудармаларының негізінде қазақ тіліне тұңғыш тәржімалаған да Абай еді.

Қазақ, ислам және батыс мәдениетінен білімдарлығы Абайдың шабытына шабыт қосты, сондай-ақ ол өз шығармаларында осы үш дәстүрді ұштастыруға ұмтылды. Оның қадір-қасиеті тек либералдық-ағартушылық көзқарасынан және кең өрісті қарымдылығынан ғана емес, сонымен бірге өткір сыншылдық қабілетінен де білінді. Абайдың шығармалары қазақ өмірінің барлық саласын қамтыды. Оның дидактикалық прозалық туындыларынан бастап лирикалық және романтикалық поэзиясына дейін алуан түрлі renk пен бояуға толы. Зорлық-зомбылықтың, әділетсіздіктің немесе надандықтың бірде-бір көрінісі оның назарынан қағыс қалмаған. Ол әрі ағартушы, әрі гуманист әрі пәлсапашыл ин-тернационалист болуымен қатар, ақын, прозашы әрі аудармашы ретінде де танылды. Оның ашықтан-ашық «батысшыл» болуы өз заманы үшін өте маңызды еді, себебі бұл кезде дала төрінде сыңар-жақ ұлтшылдық белең алып, исламшылдық пен түрікшілдікке табанды бағыт ұсталды.

Адам ақылының қуатына деген гуманистік сенім – Абайдың өмірі мен шығармаларына тірек болған негізгі философиялық қайнар.

### ОН СЕГІЗ МЫҢ АБАЙ

Айтарын ашып айтқан абайламай,  
Дарига-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!

(Мұқағали).

- Елімізде он сегіз мың екі жүз жетпіс үш Абай бар екен.
- Ал ұлы ақынның шын есімі – Ибраһим ныспысын неленгендер жиырма жеті мың үш жүз отыз жеті көрінеді.
- Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенген Ulyssmedia.kz сайты отыз сегіз елдімекен ақын есімімен аталғанын, оның үшеуі аудан, біреуі қала, оны ауылдық округ, жиырма төрт ауыл екенін атап көрсетті.
- «ҚазАқпарат» агенттігінің сәл ілгеріректегі зерттеулерінде соңғы оншақты жылда екі жарым мыңдай Абай өмірге келгені, сол Абайдың көбі Түркістан төңірегін мекендейтіні, ұлы ақынның туып-өскен өлкесінде төрт жүзге жуық Абай бар екені айтылған еді.
- Ал еліміздегі көзі тірі ең үлкен Абайдың жасы тоқсаннан асып кетіпті.
- Статистика мекемесі ұсынған мәліметке жүгінсек, Абай Құнанбаев және Абай Құнанбайұлы деген есімді толық иеленген азаматтардың өзі алпысқа жуық. Оның көбісі Түркістан облысында тұрады.

Мұхтар Шаханов ағамыз баяғыда жар іздеген жастар туралы толғауында: «Егер бүгін қайта туса, ұлы Абай, Ол да саған қалар еді ұнамай...» деп жазып еді. Сол Мұхаң айтқандай, он сегіз мың ғаламның бір мүйісінде он сегіз мың Абай жүр.

Түрлі-түрлі Абай. Сабырлы Абай, сырбаз Абай, сөзшең Абай... Әр Абай, өктем Абай, өнегелі Абай... Мінезді Абай, маңғаз Абай, момын Абай... Қайратты Абай, қайсар Абай, қыңыр Абай... Біреуі – елеулі, біреулі – елеусіз. Біреуі – қалаулы, біреуі – жалаулы. Біреуі – ақын, біреуі – соған жақын... Бірақ бәрінің де ортақ міндеті бар. Баяғыда ата-анасы азан шақырып қойған Абай деген ардақты атқа ешқайсысы да кір келтірмеуі керек.

Солай деп сенейік. Абай күні мәртебелі бола берсін!

(Бауыржан Омарұлының Фейсбуктегі парақшасынан).

Осындай көзқарасқа сүйене отырып, біз оның қазақ мәдениетіне қосқан басты жетістіктерін бағалауымыз керек...

Кейінірек өзінің шығармашылық қызметі арқылы ол қазақтардың рухани көкжиегіне Шығыстан арабтың «Мың бір түн» хикаясының, парсының «Шахнама» эпосының үлгілерін, сондай-ақ парсы және түркі халықтарының көптеген фольклорлық жәдігерліктерін енгізді.

Абай ойшылдығына ислам мәдениетінен гөрі, өз елінің мәдени мұрасы, сондай-ақ, орыс және батыс ағартушылығы басымырақ ықпал етті. Өзінің төл мәдени мұрасын бағалай білген әрі оның тар ауқымда шектеліп қалғанын көргісі келмеген ол шын мәнінде реформатор болды және батыстың ой қазынасын туған жұртының мәдениетімен тоғыстыруды қалады. Әйтсе де, ол Ресейдің бүкіл озбырлық саясатын және орыстардың өз ұлтын саяси әрі мәдени тәуелсіздіктен айыруға ұмтылысын аяусыз сынап отырды.

Абай өзінің әуелгі өлеңдерінде қазақ тұрмысы жөнінде көбірек толғанып, зор мән берді. Бірақ оның сол туындыларының өзінде қазақтың ауызша поэзиясына тән дәстүрлі шешендік мөнердің немесе қазақ фольклорындағы дағдылы тақырып желілері белгілерінің аз екендігі аңғарылады...

Абай қазақтың сөздік қоры мен дәстүрлі танымдық жүйесін түбегейлі өзгеріске ұшыратып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол надандық, паракорлық, жатып-ішерлік, әйелдердің жағдайы, діни шала сауаттылықтың зияны секілді мәселелерді қозғаған проблемашыл әдебиетті қатарға қосты. Алтынсаринмен үндестік тапқан Абайдың кең ауқымда жаппай





# АМЕРИКА

## көрген ғылыми еңбек туралы

білім беру арқылы өз халқына батыс ағартушылығының жемістерін жеткізсем деген ұлы ұмтылысы оның көптеген еңбегінде, атап айтқанда, өз оқырмандарымен пәлсапалық сұхбат түрінде баяндалатын прозалық шығармасында, яғни «Ғақлиясында» көрініс берген: «Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелер білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады» (1891 жыл).

Ол өз халқына білім беру жолындағы ізденістердің барысында, ақынның әлеуметтік рөлін қазақ даласы ақындарының арасында бірінші болып түсінді...

сылған ғажайып әрі құнды қазына. Ол қазақтың мәдени ұғымына жақын тақырыптағы шығармаларды қайта сөйлетуге және қайта түсіндіруге оқтын-оқтын талпыныс жасап, алуан дәрежедегі табысқа қол жеткізді. Крыловтан жасаған аудармаларында қазақтың мәдени ортасына жетуі жеңілдірек болуы үшін ол мысалдардың ақылгөйлік түйіндерін жиі өзгертіп отырған. Оның Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасын аударуы – айтарлықтай керемет оқиға. 1887 жылдан бастап Пушкиннің және оның кейіпкерлері Онегин мен Татьянаның есімдері Абайдың аудармалары арқылы бүкіл Қазақстанға танылды.

Абай – тек сөз шебері ғана емес, сонымен бірге қазақ музыка-

Ол әдетте түпнұсқаның тек қана негізгі қаңқасын алады да, оның аудармасын өзінің ой-пікірлерімен жаңғыртады. Ақын көбіне Лермонтов ұсынған мотивтерді дамытады немесе кеңейтеді, сол себепті оның көптеген аудармалары өзінің төл туындыларындай болып кеткен. Негізінен, ол түпнұсқаның жалпы мағынасын және эмоционалдық әуезін сақтауға тырысады...

Абайдың шығармалары көңіл күй жағынан әр алуан. Табиғатты және өмірге терең құштарлық сезімін көрсететін жылдың төрт мезгілі туралы лирикалық өлеңдерінен, сондай-ақ қазақ өмірін шынайы бейнелеуінен оның Пушкинмен және Лермонтовпен тығыз үндестігі көрінеді...

Абайдың кейінгі шығармаларында алаңсыз шат-шадыман көңіл күй жоғалып, өмірдегі сәтсіз іс-әрекеттерінің көптігінен туған түніліс түптің-түбінде поэзиясында көрініс тапты. Оның батыс ілім-білімі мен мәдениетіне жоғары баға берген ағартушылық күш-жігері орыстардың, сондай-ақ мұны қазақ тайпаларының дәстүрін сату деп түсінген өз халқының дінбасылары және рубасылары тарапынан қатты қарсылыққа тап болды. Айдауда жүрген революционерлермен жақын достығы Ресей әкімшілігінің мазасын қашырды, ақырында либерал орыстар мен қазақтардың мәжіліс орнына айналған Абай ауылының сыртынан бақылау қойылды. Қазақтың ру ақсақалдары мен діни жетекшілері оған қарсы ұйымдасып, орыс губернаторына «ақ патшаның жауы» деген мәлімет жеткізді. Бұл қастық пен өсек-аянның сәтті болғаны соншалық, көптеген сенімді достарынан бастап өз әулетінің мүшелеріне дейін одан теріс айналды. Өмірінің соңына қарай оңаша және оқшау тіршілік кешкен Абай өз өлеңдерінде «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, алдамаған кім қалды тірі жанда?», деп, көбіне-көп жалғыздық сезімін және достарының сатқындығына деген күйінішін жырлады...

Алайда, тағдыр тәлкегіне ұшырағанына қарамастан, Абай өз идеялары жолындағы күресті жалғастыра берді. Оның Қазақстанның мәдени дамуына қосқан маңызды үлесі өте жоғары бағалауға лайық. Абай діни сипаты басым араб пен парсы сөздеріне толы, халықтың қалың бұқарасына түсініксіз қазақ әдебиетінің бұрынғы арналарын жаңалап-жаңғыртып, кеңейтуге негіз қалаған ең алғашқы және озық ойлы тұлға еді. Абай ұғынықсыз тіркестерден таза, жалпы жұртшылыққа түсінікті, мейлінше қарапайым үлгідегі жаңашыл және кей кезде революцияшыл идеяларды білдіретін жазба әдебиетті өмірге әкелді. Ол көптеген формалық жаналықтарды енгізді және өзінің философиялық жазбаларында прозаны кең ауқымда бірінші болып қолданды.

Бүгінде Абай қазақтың өткен ғасырдағы аса ұлы сөз зергері болып танылды. Ресейде Пушкин қандай тұлғалы болса, Қазақстанда Абай да сондай жоғары құрметке ие. Қазақ әдебиетінің інжу-маржаны саналатын оның шығармалары орысшаға, сондай-ақ КСРО-ның басқа да көптеген тіліне аударылды, есімі кешегідей кіреп болса да кең танылды. Ол туралы романдар мен драмалар, сондай-ақ зерттеу еңбектер жазылған.

АҚШ, Солтүстік Каролина, 1958 жыл.

## ӘЛЕМ ЖӘНЕ АБАЙ

Қазақтың біртуар тұлғасы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштер әлем елдерінде көп.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ескерткіш авторлары ақын бейнесі арқылы ұлы ойшылдың дана тұлғасын анық көрсете білген.

2006 жылы Ресей астанасы Мәскеуде Абай ескерткіші ашылды. 2007 жылы қазан айында Иран Ислам Республикасының

Тегеран қаласында, 2013 жылы Ташкентте, 2014 жылы Қытай астанасы Бейжіңде, Венгрия астанасы Будапештте ескерткіш, 2016 жылы Францияның Ренн және Египеттің Каир қалаларында қазақ ақынына арналып бюст орнатылды.

Сондай-ақ, ұлы ақынның ескерткіштері Әзербайжанның Баку, Түркияның Алания қаласында да бар.



Өзбекстанның Ташкент қаласындағы Абай ескерткіші

## ЕСІМІМ – МАҚТАНЫШЫМ!

Қазақ ырымдап ұлы тұлғалардың атын баласына қойып жатады. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде 18 273 адам Абай есімін мақтанышпен иеленіп жүр, олардың бір жарым мыңы Алматы шаһарында тұрады. Солардың бірі – Абай Жарылқасын.



Алматылық Абайдың жасы қазір 27-де. Оны көргенде адамның есімі тағдырына әсер етпесе де, мінезіне, өмір сүру салтына әсер етеді екен ғой деген ойға қаласың. Ұлы ақынмен аттас жігіттің мамандығы – заңгер, ол кішкентайынан әлсіздерді қорғап, әрқашан шырылдаған шындықты жақтайтын, әділетсіздікті жаны сүймейтін бала болып өскен. Тарихтан белгілі, Абай Құнанбайұлы бала жасынан қазақ даласындағы дауларды шешуге, тіпті билермен сөз тастастыруға дағдыланған. Ағартушы, философияның бар ғұмыры ақиқат үшін күреспен өтті.

Абай Жарылқасын – еліміздегі ең беделді деген жоғары оқу орнының түлегі. Ол да ұлы ақын Абайдай төрт тіл меңгерген, өзі домбыра тартады.

«Ұлы реформатордың философиялық көзқарастары мен дүниетанымы, оның шығармалары бүгін де өзінің өзектілігін жоймаған. Ақынның өмір сүрген заманында жазған ойларын оқи отырып, осы жазбалардың кейінгі ұрпақты тәрбиелеп келе жатқанын байқайды екенсің. Бұрын мән бермеуші едім, қазір осыған көзім жетті. Абайды қай кезде оқысаң да, мейлі жас бол, мейлі кәрі бол, ол – әмбебап және оның сөздері барлығына бірдей пайдалы әрі түсінікті», – дейді жас Абай.

Сондай-ақ, алматылық заңгер Абайдың «Қара сөздерін» үнемі өмірлік жолында бағдар етіп жү-

ретінін және М.Әуезовтің мәңгі өлмейтін «Абай жолы» шығармасы арқашан оның жұмыс үстелінде тұратынын айтты.

Абай Жарылқасын қалалық сот төрелігі құрылымының баспасөз қызметінде 2 жылдан бері жұмыс істейді. Осы қысқа ғана уақытта алматылық жігіт осы салаға өзінің ерекше жұмыс істеу әдісімен үлесін қосып келеді. Жас маман жыл басынан бастап бөлімнің жұмысына өндірістің барлық үдерістерін үздіксіз жақсартуға негізделген менеджменттің негізгі тұжырымдамаларының бірі – Кайдзен қағидаларын енгізе бастады. Жапон философиясына негізделген пилоттық жоба сот төрелігінің барлық құрылымында пайдалануға тиімді.


Абайдың жұмыс бөлмесі тап-таза, үстеліндегі құжаттары реттілікпен жиналған екен. Осыған қарап-ақ адамның жұмысына ұқыпты екенін байқауға болады. Оның ұстанымы – біреудің уақытын бағалау, айналасындағы әріптестерімен дұрыс, жайдары қарым-қатынас жасау.

Ұлы ойшыл аңсаған мінсіз қоғамда білім мен рухани құндылықтар негізінде тұлға, отбасы, мемлекет қалыптасады.

Данышпан ақынның аттасы осы уақытқа дейін Алматы өзенінің бойына жүздеген қылқан жыпырақты ағаш егіп үлгерді. Абай Жарылқасын спортты да жанына серік еткен. Оның болашаққа деген жоспарлары көп, мақсаты айқын.

«Абайдың есімін алып жүру – үлкен жауапкершілік. Өзімнің атам: «Қайырлы іс жасай алмасаң, қайырсыз іс қылма» деп отырады. Мен мемлекеттік қызметте 5 жылдан бері қызмет етіп келемін. Өкінішке қарай, біздің қоғамда мемлекеттік қызметкерлерге деген көзқарас аса жақсы емес. Мемлекеттік қызметкерлердің халық алдындағы беделін көтеруге өзімнің игілігі ісіммен тамшыдай болса да үлесімді қосқым келеді. Осы үшін барымды саламын», – дейді алматылық Абай.

Саида АХМЕДОВА.



Томас Густав Виннердің «Ресейге қарасты Орталық Азия қазақтарының ауызекі сөз өнері мен әдебиеті» атты кітабы 1958–2002 жылдар аралығында 17 рет қайта басылған. Демек, бұл кітапқа үнемі сұраныс болды деген сөз. Ғалымның бұл еңбегі WorldCat жүйесіне кіретін әлемнің 421 кітапханасында сақтаулы.

сынан терең түсінігі бар сазгер болғандықтан, көптеген аудармаларын әнге көшірді және ол әндер сал-серілердің орындауы арқылы кеңінен таралып кетті. Бұлардың ішінде, бәлкім, ең кеңінен таралғаны Татьяна Онегинге жазған хатының ән-аудармасы болар. Сонымен бірге, Абай Лермонтовтың поэзиясынан да үлкен шабыт тапты. Сексенінші жылдардың ортасынан былай қарай Абай Лермонтовтың поэзиясын аударумен тынымсыз шұғылданды. Оның орыс поэзиясынан жасаған барлық аудармаларының жартысынан көбі дерлік Лермонтовтан алынған. Бұған қосымша Абай поэзиясының үлкен бір бөлігі Лермонтов сарындарына тікелей бейімдеуден туған немесе ұлы орыс ақынының күшті ықпалы арқылы өзіндік өрнегін тапқан дүниелерді қамтиды.

Абай шығармаларының қазақша толық жинағында қазақ ақыны аударған Лермонтов өлеңдерінің жиырма екі атауы кезігеді және олардың қатарына «Бородино», «И скучно, и грустно» («Әм жабықтық»), «Не верь себе» («Өзіңе сенбе»), «Пленный гусарь» («Тұтқын-дағы батыр»), «Дума» («Ой»), «В альбом» («Альбомға»), «Кинжал», («Қанжар»), «Выхожу один я на дорогу» («Жолға шықтым») секілді белгілі өлеңдерімен бірге, Лермонтовтың «Демон» («Шайтан»), «Измаил-бей» және «Вадим» тәрізді кейбір ұзақ поэмаларынан жасалған үзік-үзік аудармалар кіреді.

Сондай-ақ, Лермонтовтың батыс поэзиясынан алып орысша сөйлеткен шығармаларының, мысалы, Байронның «Hebrew Melodies» («Көңілім менің қараңғы») және Гетенің «Über allen Wipfeln ist Ruh» («Қаранғы түнде тау қалғып») туындыларының қазақша аудармаларын табуға болады. Салыстырмалы түрде алғанда, Абай аудармалары әрқашан еркін.

Абай «етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген» қазақтар өздерін-өздері түгелдей сол надандықтан тазартпайынша, ұлтты аман алып қалудың жолын таба алмайтындығы жөнінде жазды.

Өз халқына күндердің күнінде қазақтың мәдени ортасына батыс мәдениеті мен өркениетін енгізу мүмкіндігі және қажеттілігі болатындығын, сондай-ақ қазақтың мәдени мұрасын сақтау керектігін баса айтқан Абай: «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі тапырлық қана таза оқытса болады... Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның үшін олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» деп тұжырымдайды.

Халқының көпшілік бөлігінің төл мәдени мұрасының асылдарын ұмыта бастағанына және орыс басқыншыларының ыңғайына жығылуға бет алғанына Абайдың жаны күйзелді. Ол Ресей әкімшілігі үшін жайлы тілмаштар мен жандайшаптар даярлауға ғана жеткілікті мөлшерде аздап сауат аштыратын орысша білім беру ісінің сыңар-жақтығын сынады...

Абайдың орысшадан аударған дүниелері – қазақ мәдениетіне қо-





# ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА – ҚҰРМЕТ!

**Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев  
құрылыс саласының өкілдерін кәсіби  
мерекесімен құттықтады**

Алматықаласының әкімі құттықтау сөзінде құрылыс саласы қала экономикасының негізгі драйверлерінің бірі екенін атап өтті. Бүгінде құрылыс саласында 100 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Жыл сайын қалада орта есеппен 1,5 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріледі, әлеуметтік және өнеркәсіптік нысандар салынуда.

«Сіздердің жұмыстарыңыз бүкіл қаланың кешенді және сапалы дамуы үшін өте маңызды. Біздің тұрғындардың өмір сүру сапасы мен жайлылығы осы саладағы жұмыстың нәтижелеріне тікелей байланысты», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Салтанатты шара барысында шаһар басшысы құрылыс саласы өкілдерінің жоғары кәсібилігіне алғысын білдіріп, көп жылғы еңбегі мен ерен жетістіктері үшін оларды Алғыс хаттармен марапаттады. Мерекелік шара құрылысшылар арасындағы спартакиадаға ұласты.



**Мұхит ӘЗІРБАЕВ,**  
Алматы қаласы әкімінің орынбасары

## ОТАНДЫҚ ҚҰРЫЛЫС МАМАНДАРЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ ЖОҒАРЫ



Құрылысшылар күні айрықша мейрам. Өздеріңіз білетіндей, құрылыс елдің игілігіне істеледі. Мұның өз ішінде қаншама жандар елге қызмет етіп жүр. Нақтырақ айтқанда, тек қана құрылысшылармен қатар, архитектор, жобалаушы, құрылыс өнімдерін шығарушы, т.б. мамандар атап өтеді. Бұл салада жұмыс атқарушылардың қалаға істеп жатқан істері баршылық. Өз тарапымыздан да қаламызды дамытып, жарқыратып, әрбір нысанға өң беруге атсалысып келеміз. Мұның барлығы тұрғындар мен сырттан келетін қонақтардың игілігі үшін жасалуда. Әрине, осындай шаруалардың барлығы құрылысқа тікелей қатысты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде отандық құрылыс мамандарының мүмкіндігі жоғары. Алдағы уақытта атқарылатын нақты істер жетерлік. Ойлаған шаруаларымыздың бәрі жүзеге асады деп сенеміз.

Біздің қаламыз «сервистік қала» екенін білесіздер. Әуелі қызмет көрсету дегеніміз азаматтарды баспанамен қамту дегенді білдіреді. Әрине, индустриалды құрылыс алаңдары да бар. Оның бір парасы Алатау ауданында бой көтерді. Сонымен бірге, бұл бағыт бойынша шағын және орта кәсіпке де көңіл бөлінген. Оның нышанын мейрамханалар, тамақтану орындары, сауда-саттық орталықтарынан байқай аласыздар. Өткен жылғымен салыстырғанда, әлеуметтік нысандардың салыну қарқыны белсендірек.

Жуырда «Дизайн код» деген бағдарлама қабылданады. Сол бойынша қаланың келбетін әрлеуді жобалаудамыз. Яғни қазақи ұлттық нақыштардағы дүниелер, заманауи стилдер – бәрі-бәрі қамтылады. Өздеріңіз байқағандай, жарнамаларды біреулер жоғары, ендігісі мүлдем төменірек іліп қойған. Сонымен қоса, ағаш отырғызу, жолдың жайы қаралатын болады. Осының бәршасын осы жоба аясында іске асыруды жоспарлаудамыз. Оның ішінде жоғарыда айтқанымдай, құндылықтарымызды көрсететін ою-өрнек, басқасы да кірігеді деген ойдамыз.

Құрылыс саласына келетін жастарға айтар ақыл-кеңесіміз біреу ғана. Ең бастысы, оқу керек. Жақсы білім алса, тәуір маман ретінде жұмысқа орналасады. Мүмкіндік болса, шетелдік тәжірибеден өтіп, біліктілігін арттырса, нұр үстіне нұр болар еді. Әйтпесе, өзіміздің елде де біліктілікті арттыруға бар жағдай жасалған. Өзіміздің архитектор, құрылыс саласының майталмандары бар, сол кісілердің тәжірибесіне сүйеніп, қажетті дүниені үйреніп алуларына да болады. Қазіргі таңда құрылыс саласында көптеген жастар еңбек етіп жүр. Қарақөздерімізді білім алып, табысты іс атқаруға шақырамыз. Бойында қабілет-қарымы бар жан жерде қалмайды дегіміз келеді. Ең бастысы, еңбек етуден аянбау керек. Содан кейін өмірлік жинаған тәжірибесі өздеріне қажет болады. Соның арқасында үлкен-үлкен жұмыстарды атқарады.

Жалпы, соңғы екі жылдағы ахуал өздеріңізге мәлім. Мұндай ауқымды шара өткізіп, мейрамды атап өтуге мүмкіншілік келмеді. Пандемия ойға алған істерге тежеу болды. Дегенмен, биылғы жыл ерекше. Соның арқасында өздеріңіз көріп отырғандай, ашық алаңда мейрамды 1 аптадан бері атап өтіп келеміз. Біз «Үздік құрылысшы» байқауын жариялаған едік. Дәлірек айтқанда, «Үздік маляр», «Үздік дәнекерлеуші», «Үздік арматуршы», т.б. деп жіктедік. Мұның бәрі ынталандыруға жатады. Сонымен қатар, әртүрлі спорттық шаралар – жүгіру, футбол жарыстарын қоса ұйымдастырдық. Өзімізше, спартакиада деп атау бердік. Олар жеке-жеке команда, әрқайсысынан сайыскерлер шығып, жеңіл атлетикадан 100 метр қашықтыққа жүгіріп те жарысты. Арасынан жеңімпаздар да анықталды. Дарабоздарға жүлделер берілді.

Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

**Бейбіт ШАХАНОВ,**  
Алматы қаласы Құрылыс басқармасының басшысы

## АДАЛ КӘСІП



Ең алдымен, атаулы мейраммен құттықтаймыз. Құрылысшы деген адал мамандық деп білеміз. Бұл дегеніміз, халықтың игілігіне жасалып жатқан іс. Қаншама мыңдаған жұртқа үй-жай салып жатыр. Қаланың ішінде 40-тан астам әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Сонымен бірге, 7500 оқушыға арналған жаңа мектеп салынады. Бұлардың барлығы заманауи негізге бағытталған. Оның ішінде қалаға енді қосылған, жаңадан бой түзеген елдімекендерге баса назар аударылады. Бүгінгі таңдағы құрылысшылардың істеп жатқан

істеріне оң көзқараспен қараймыз.

Құрылыс саласы еліміздің дамуына да өз септігін тигізуде. Нақтырақ жеткізгенде, экономикадағы үлес-салмағы 60%-ға жетті. Әр құрылыстың маңында шамамен 5-6 жұмыс орны құрылады. Мұның нәтижесінде құрылысқа қажетті заттар шығарыла бастайды. Сол материалдар отандық өндірістің қарқынын үдетеді. Дөп басып айтқанда, өзіміздің кәсіпкерлердің ісі алға өрлейді дегенді аңдатады.

Біздің негізгі талап, ол – отандық өнімге сұранысты арттыру. Сол себепті де, осы бағытта жұмыс атқарып келеміз. Яки, сырттан әкеліп емес, өзіміздің елде өндірген өнімдерді пайдалануға баса назар аударамыз. Бұған сұраныс күннен-күнге артуда. Әлгіңде айтқанымдай, осынау отандық өндірістерге қолдау көрсетудің арқасында іс ілгері басуда.

Үйдің құнына байланысты ойыммен бөлісуді жөн санаймын. Әлемде құрылыс материалдарының бағасы өсуде. Жалпы, барлық нәрседе өсу байқалады. Алайда, мұндай жағдаяттарға қарамастан, мемлекет тарапынан жыл сайынғы қолдау күшейіп жатыр. Қазақстанда тұрғын үй құрылысы бұрын тарихта болмаған дәрежеге көтерілді. Әсіресе, ірі мегаполистерде, Алматының өзінде жердің тығыздығы, халық санының артуын ескерудеміз. Сол үшін қосымша жеке кәсіпкерлермен уағдаластық орнатып, аталған мәселелерге көңіл бөлудеміз. Оның сыртында бағасы мен сапасы назарда тұр. Мұның барлығы халықтың қамы үшін жасалуда демекші.



**Ерболат ЕСКЕНДІРОВ,**  
Exclusive qurylys компаниясының бөлімше басшысы

## ЭКОНОМИКА ЛОКОМОТИВИ

Құрылысшылар мейрамы қарсаңында көңіл күй көтеріңкі. Себебі, өзіміз де осы салада еңбек студеміз. Егер еліміздің аумағында құрылыс жүріп, қайнаған тіршілік болып жатса, ол деген нағыз қуаныш. Тәубе, бұл жағынан атқарылып жатқан шаруалар жетерлік. Бұдан шығатын қорытынды – құрылыс бар жерде экономика ілгері басады деген мағынаны аңғартады. Демек, қаржы, білікті мамандар – бәрі-бәрі бар деген сөз.

Алматы сейсмикалық аймаққа жатады. Мұндағы ғимараттар 9 балдық шкалаға есептелген. Сондықтан да 9-10 қабаттан биік салудың қажеті жоқ деген ойдамын. Дегенмен, қаланың шырайы үшін бірлі-екілі әсем, көздің жауын алатын жаһандағы Бурдж-Халифа сынды ғимарат салуға болады. Оның барлығы архитекторлар, жобалаушылар, құрылыс саласының мамандарымен кеңесіп, пішілетін дүние. Ондай жағдайда 4-5 қабат жер деңгейінен төмен қабаттар қоса салынады. Өйткені, сол үйдің іргесі мықты болуы керек. Мұның баршасы болашақтың ісі дер едім.

**Ербол БЕЙСЕНОВ,**  
«РемБус» ЖШС бас директоры инженер-құрылысшы

## МАҢДАЙ ТЕР АҚТАЛАДЫ

Құрылысшы деген ерекше мамандық. Былай қарап тұрсаңыз, жәй жатқан қара жерді қалаға айналдырып, жан-жағын адам танымастай абаттандырады. 2-3 жылда үп-үлкен, әсем ғимараттар қаз-қатар немесе айналдыра бой көтереді. Одан кейін шағын мөлтек аудандар пайда болады. Осындай істер қуантады. Құрылысшыға бұдан артық шаттықтың керегі шамалы. Жас құрылысшыларға адалдық, табандылық, еңбекқорлық тілеймін. Сонымен бірге, білім керек.

Осы күні сапаға байланысты мәселе баршылық. Құрылыстың сапасы жағына әр мекеме өзі жауапты. Былайша айтқанда, әркім өз ісіне өзі жауап береді. Мен бұл арада өз жанымдағы азаматтарға бір ғана нәрсені шегелеп айтамын. Біз салған үйлерді алатындар қарапайым өз қазағымыз. Қалталылар келе бермейтіні анық. Ақшалы адамдардың қай жақтардан үйлі болатынын білесіздер. Сондықтан шамамыз келгенше, мемлекеттік стандарт бойынша берілген бағаны ескеріп, жақсы сапамен өткізуге тырысамыз. Біз салған үйлерді осы шара өтіп жатқан Алатау ауданынан да байқай аласыздар.

Біз өз шама-шарқымызға қарай халыққа сапалы, өмір сүруге ыңғайлы, қазақтың тұрмыс-салтын есептеп, өз тарапымыздан бар қолайлылықты жасауға тырысудамыз.



**Рүстембек ЖАҚПАНОВ,**  
«Шебер» компаниясының директоры

## АЛМАТЫ ӨРКЕНДЕУДЕ

Біз құрылыс саласында бірқанша жылдар бой еңбек студеміз. 1996 жылы Елордамыздың іргетасы қаланған шақта да өз үлесімізді тигіздік. Ол жерде көптеген нысандарды салдық. Атырауда, Талдықорғанда «Жастар» спорт сарайын, т.б. көптеген ғимараттарды тұрғыздық. Қазіргі таңда Алматыда да тұрғын үйлер, мектептер салудамыз.

Сонымен бірге, тағы бір ойым бар. Өздеріңіз білетіндей, қаламыз гүлденіп жатыр. Осыған менің ойымша, футбол алаңдары керек. Жақсы, әдемі, сәулеті мен салтанаты келіскен спорт кешендері бой көтерсе, халықтың бұқаралық спортқа деген ынтасы артатын еді.

Алматының даму қарқынына көңіліміз толады. Дән ризамыз. Шаһарымыз өркендеп, өсе берсін. Қала гүлденсе, бәріміздің ажарымыз болмақ.

**Земфира ШАХМУРАТҚЫЗЫ,**  
Exclusive qurylys компаниясының бас директоры

## ҚҰРЫЛЫСТА ІСТЕУ НАҒЫЗ ЕРЛІК

Шынтұайтына келгенде, біз де құрылысшымыз. Әрбіріміз өз отбасымызға, жақындарымызға үй салып жатырмыз деп қараған абзал. Азаматтарымыз күні-түні жұмыс істейді. Оларға оңай еместігін түсінеміз. Сол себепті, қажымауға, бойдағы бар қабілетті ортаға салуға шақырамыз. Арасында ынталандыру жасаймыз. Өйткені, мұндай ауқымды, қол мен ой еңбегі бірлесіп жүзеге асырылатын жерде адамға түсер салмақ та оңай емес. Әр істің өз жемісі болуы керек. Қаламызда бой көтеріп жатқан әр нысан құрылысшының қолымен жасалады.

Шаһар өте үлкен жылдамдықпен дамып жатыр. Бұл жағынан алғанда сөзіміз жоқ. Осы арада бірнәрсені айтайық. Әрбір әлеуметтік құрылыс немесе тұрғын үйлер инфрақұрылымды айналып өтпейді. Сондықтан әрбір ғимараттың сапасына назар аударамыз. Оның төңірегінде дүкен, жаяу жүргіншілер жолы, балалар ойнайтын алаңдар – бәрі-бәрі болғаны дұрыс.

**Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**







## ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жұмыс сапары барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин қала скверлері мен көшелерін абаттандыру жұмыстарының сапасын тексерді.



## АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин қала скверлерін көріктендіру жұмыстарымен танысты

Бірінші нысан Оқушылар сарайының маңындағы сквер болды. 2021 жылы Оқушылар сарайы алдындағы жалпы ауданы 5 га құрайтын аумақты абаттандыру жобасы бекітілді. Қазіргі таңда 40% бөлшектеу жұмыстары аяқталып, жаңа суару жүйесінің траншеясы қазылды. Жарықтандыру жүйесін, балалар алаңын, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату, суару жүйесін қалпына келтіру, көгалдандыру – 147 жапырақты және қылқанжапырақты ағаш отырғызу жұмыстары жоспарланған. Тексеру барысында Асқар Әмрин зақымданған тамыр жүйесіне мән беріп, жұмыс технологиясын жасыл желекке зиян тигізбейтіндей етіп қатаң сақтауға бақылауды күшейту туралы тапсырма берді. Әкім орынбасары сквердің тарихи келбетін сақтау қажеттігіне баса назар аударды. Жұмыстың қарқынын күшейту үшін қосымша жұмыс күшін тартып, орнату жұмыстарын қыркүйекте аяқтауды тапсырды.

Келесі нысан Мемлекеттік мұражай алдындағы сквер болды. Қазіргі кезде бұл аумақта бөлшектеу жұмыстары аяқталған, жарықтандыру жүйесі орнатылған, субұрқақ түбі бетондалып, суару жүйесінің құбырлары салынған. Бұдан әрі кіші архитектуралық пішіндерді орнатып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары жұмыс сапары барысында Байсейітова көшесінің Жамбыл көшесінен Сәтбаев көшесіне дейінгі бөлігін абаттандыру жұмыстарымен танысты. Аталған аумақта жарық жүйесі орнатылып, кеспетастар төселген, суару жүйесінің құбырлары тартылған. Жұмыстарды қазан айының соңында аяқтау жоспарланған.

Асқар Әмрин Әлия мен Мәншүк атындағы скверді абаттандыру жобасымен танысты. Әкім орынбасары апатты ағаштарды кесер алдында мамандарды шақырып, жасыл желекті толық тексерістен өткізуді тапсырды.

Қала әкімінің орынбасары абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан орындардың бірі Қазақ-Британ техникалық университеті жанындағы Солтүстік скверіне де барды. Ол мердігер ұйым өкілдеріне жұмыс сапасына қатысты бірқатар ескерту жасап, қосымша мамандар шақырып, жұмыс қарқынын күшейтуді тапсырды.

Нәтижесінде Асқар Әмрин Экология және қоршаған орта басқармасына ескерту жасап, қысқа мерзімде барлық олқылықтарды реттеуді, орнату жұмыстарын қыркүйекте аяқтап, барлық скверлерді 1 қарашаға дейін қолданысқа беруді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## АЛМАТЫ АУДАНДАРЫ

## Алмалыда атқарылған жұмыс көп

Кеше Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алмалы ауданының 2022 жылдың бірінші жарты жылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары жөнінде брифинг өтті. Онлайн-форматта ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында аудан көлемінде атқарылған жұмыстар айтылды.



Күралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Брифингте Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Сапар Нұрашев негізінен әлеуметтік салаға, бағаны тұрақтандыруға, инфрақұрылымды дамытуға, ауданды абаттандыруға көңіл бөліп, сонымен қатар, жол құрылысы мен алдағы жаңа оқу жылына дайындық туралы тың ақпараттарды баяндады.

Спикердің айтуынша, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында апта сайын Масаншы көшесінде Әйтеке би көшесінен Гоголь көшесіне дейінгі аралықта «Демалыс күні» жәрмеңкелері өткізіледі. Жәрмеңкеде Алматы облысының (Қарасай ауданы) 90-нан астам шаруа қожалықтары мен аудан кәсіпкерлерінің өнімдері саудаланады.

Ауданда жол жөндеу жұмыстары да ойдағыдай жүргізілуде. 2022 жылдың басында жалпы ұзындығы 12,6 шақырым болатын 11 көшеде жөндеу жұмыстары жоспарланып, бүгінде оның 6-уында құрылыс аяқталған. Өткен жылы 13 бағдарламаның құрылысы басталған. Бүгінде оның 7-еуі аяқталды, қалған 6-ы жыл соңына дейін бітуі тиіс.

Алмалы ауданында жергілікті бюджет арқылы әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдау шаралары жолға қойылған. Спикердің айтуынша, биыл атаулы әлеуметтік көмек үшін 209 отбасыға 50,8 млн теңге төленді. 325 азаматқа 2 млн теңгеге тұрғын үй көмегі көрсетілді. 1112 қала тұрғыны 7 АЕК мөлшерінде 23 млн теңгеге әлеуметтік көмек алды. Аз қамтылған 730 тұрғынға 20 АЕК көлемінде 39,6 млн теңге бірреттік әлеуметтік көмек көрсетілді. Сонымен қатар, ҰОС-ның жиырма



қатысушысы мен мүгедектеріне 6,5 АЕК көлемінде – барлығы 1,8 млн теңге көлемінде көмек берілді.

«Әлеуметтік бытыраңқылықты еңсеру үшін ауданда 1500 көпбалалы және аз қамтылған отбасы тіркелген «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығы өз қызметін табысты жүзеге асыруда. Орталық базасында мұқтаж отбасыларға қайырымдылық көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілуде, жыл басынан бері жеке гигиена құралдары, азық-түлік жиынтығы, сондай-ақ сыртқы киіммен 498 отбасы қамтылды», – деді С.Нұрашев.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды тегін қосымша біліммен қамтамасыз ету үшін «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы жұмыс істейді (Жібек жолы к-сі, 135, «Асыл дария» ҚК). 2020 жылдан бастап клуб дамыту сабақтары курсынан өткен 480 баланы қамти отырып, 5 оқуды жүзеге асырды.

Аудан әкімі орынбасарының айтуынша, жаңа оқу жылында 1323 оқушыға материалдық көмек көрсетіледі. Бұдан өзге, «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарының қолдауымен жаппай оқыту шеңберінде қамтылмаған 300 бала көмекке тартылатын болады. Жаңа оқу жылында 1-ден 4-сыныпқа дейін 13 559 оқушы ыстық тамақпен қамтылады. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5–11-сынып оқушыларынан 650 адамды тегін тамақпен қамтиды», – деді спикер. Ауданда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 34 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Қазіргі уақытта Алмалы ауданында 7 жоба аяқталып, 27 жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

## БРИФИНГ

## Біздің міндет – сапалы қызмет

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Бақтыгүл Сейтова департаментте 40-тан астам кедендік және салықтық мемлекеттік қызметтер көрсетілетінін айтты. Мұндағы 4 қызмет қағаз жүзінде іске асырылады.



Айжан  
БҮРКІТБАЕВА

Ол бюджетті толықтырумен қатар, мемлекеттік кірістер органдарының басым міндеттерінің бірі мемлекеттік қызметтердің сапасын қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті. Б.Сейтованың айтуынша, қалалық мемлекеттік кірістер органдарында 300 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілері тіркелген, бұл жеке тұлғалардан 1990 630 салық төлеуші.

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің халыққа қызмет көрсету басқармасының басшысы Бақтыгүл Сейтова 2022 жылдың 7 айында олардың мамандары 1 959 973 қызмет көрсеткенін, оның 1 940 876-сы немесе 99,02%-ы электронды түрде болғанын айтты.

«Біздің міндетіміз – қашық форматта сапалы және уақытылы мемлекеттік қызмет көрсету. Бұл үшін электронды мемлекеттік қызметтердің саны артып келеді. Сонымен қатар, бұл да көрсетілетін қызметті алушы мен қызмет көрсетуші арасындағы байланысты мүмкіндігінше болдырмайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды аспектісі», – деді ОКҚ спикері.

Қағаз айналымын және желіден тыс келуді азайту үшін бөлім өмірлік жағдайларды және



қиындық тудыратын және үшінші тұлғаларға қолданылатын жағдайларды ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті алу бойынша қысқаша нұсқаулықтар әзірледі.

«Тоқсан сайынғы негізде

салық төлеушілерге электрондық поштаның мекенжайлары мен What's App нөмірлері бойынша салық есептілігін алдын ала ұсыну туралы ақпараттық хаттар жіберіледі. Біз жүргізген сауалнамаға сәйкес азаматтардың басым бөлігі әлеуметтік желілерден ақпарат алады», – деп жалғастырды ведомство басшысы.

Бұдан өзге, салық органдарының мамандары салық төлеушілердің электрондық мекен-жайларына салық міндеттемелерін орындау қажеттігі туралы ақпарат жібереді. Алматыда салық төлеушілерге қызмет көрсетуді жақсартудың келесі қадамы мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі оңай көрсетуге мүмкіндік беретін Мобильді орталықтар – «Мобильдік кеңсе» қызметін енгізу болды. Мобильді кеңсе қызмет көрсету орталығының, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалының функционалдығын және банктің кассалық пунктінде төлемдерді қабылдау функциясын біріктіреді.

Брифинг соңында Бақтыгүл Сейтова осы жылы Алматы қаласының аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен бірлесіп мемлекеттік қызметтерді алу кезінде қолдау және көмек көрсету бойынша Qoldau акциясы өткізілгенін атап өтті. 4000-ға жуық адам сұрақтарға жауап алды.

## РЕЙД

## Жоғары оқу орындарына мониторинг жүргізілді

Алматыда мониторингтік топ жоғары оқу орындарының жаңа оқу жылына дайындық барысын тексеріп, бірқатар оқу ордаларының жәй-күйімен танысты, біршама нысандарды аралады.

Дәлірек айтқанда, жаңа оқу жылы алдында ЖОО-ларға мониторинг жасап, студенттердің оқу және тұрмыс деңгейі, өрт қауіпсіздігі, санитарлық нормаларға сәйкестігін тексеру үшін мониторингтік топ құрылды.

Мониторингтік топтың құрамында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы, қоғамдық және жастар ұйымдары, Қоғамдық кеңестің мүшелері, сарапшылар, мәслихат депутаттары бар. «Біз шілде айында барлық жоғары оқу орындарына мониторинг жасайтынымыз туралы хабарлаған болатынбыз. Кеше мониторинг басталды. Оның 10 тамызда басталуының себебі, мониторинг қорытындысы бойынша біз ұсыныстар әзірлеп, оларды ЖОО-ларға береміз. Мониторинг барысында кемшіліктер анықталған жағдайда, ЖОО-лар жаңа оқу жылы басталғанға дейін оларды жоюға мүмкіндік алады», – деді қалалық жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев.

Бүгін мониторингтік топ үш жоғары оқу орнына барды. Атап айтқанда, Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті мен Қазақ спорт және туризм академиясында болды.

Мониторинг тобының өкілі Нұрлан Мұхтарұлының айтуынша, Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университетінің оқу залдарында тазалық жағдайы нашар.

«Өрт қауіпсіздігі талапқа сай емес, университет аумағында қоқыс жәшіктері қойылмаған. Үшінші жатақханада жөндеу жұмыстары ішінара жүріп жатыр, жатақхананың жоғарғы қабатында жарық жоқ, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасалмаған, медпункт тек 4-жатақханада бар, 2-жатақхананың жағдайы қанағаттанарлық», – деді ол.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқу корпусында өрт қауіпсіздігі талапқа сай емес. Бұл туралы мониторинг мүшесі Әдия Исакова айтты. «Жатақхана жер төлесінде жөндеу жұмыстары жүрмеген, кір жуу орны ақылы түрде қызмет көрсетеді, спорт залы лас, төбесінде жарықшақтар бар», – деді ол. Сондай-ақ, мониторингтік топ мүшелері Қазақ спорт және туризм академиясын тексеру қорытындысын хабарлады.

«Академия жатақханасында жұмсақ мүкәммалды (матрац, көрпе, жастық) сақтау қағидалары бұзылған, өрттен ышу жолдары бұғатталған, терезе сынған, бөлмелердегі есіктердің сапасы нашар, өрт сөндіргіш жоқ. Стандарт бойынша 6 шаршы метрге 1 адам тұруы тиіс, ал мұнда 4–8 адам тұрады екен. Бұл бір адамға 2 шаршы метрден деген сөз, ол аз», – деп хабарлады мониторингтік топтың өкілдері.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.





## ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

# ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕРДІҢ ІСІ

## Алматыда запастағы офицерлердің әскери жиыны өтуде

Оқу-жаттығу Қорғаныс министрлігінің қолдауымен 61993 әскери бөлімінің Іле оқу полигоны базасында 4 жылдан бері өткізіліп келеді. 100-ден астам запастағы офицер оқу-әдістемеден өтті. 30 күндік әскери сабаққа лейтенанттардан бастап майорларға дейінгі запастағы офицерлер қатысады. Олар ұрыс кезіндегі жедел тактикалық даярлықты, АКС 74, ПМ-9 тапаншасынан нысанаға көздеп ату мен атыс кезіндегі тәжірибелік сабақтардан өтеді. Офицерлерге ҚР ҚК БШБ-нан қазіргі лауазымды тұлғалар сабақ жүргізеді. Олар келесі жылы да ерікті азаматтарды қабылдауға дайын.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Жыл сайын жоспарлы түрде өтетін шарада 1 ай ішінде әскерилер тәжірибелік дағдыларын жетілдіреді.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1-тармақшасына сәйкес әскерлердің әрбірі офицерлік жиындар өткізеді. Биыл оқу-жаттығу полигонында 36 офицер қабылданған. Олардың арасында еліміздің Қарулы Күштерінде бұрын қызмет еткен қызметкерлер де бар. 61 993 бөлімінің базасында жиындарға келген десанттық шабуылдау әскерлері киім, қару-жарақ, т.б. барлық қажетті затпен қамтамасыз етіледі. Жиын кезінде оларға жұмыс орындарындағы

жалақы Қорғаныс министрлігінің есебінен беріледі.

Айта кететін жәйт, мұндай әскери жаттығу жиындарына кез келген азамат қатыса алады.

**Расул ЗАКИРОВ,**  
**№61993 әскери бөлім басшысының орынбасары, подполковник:**

– Запастағы офицерлердің әскери жиындары Іле оқу полигоны базасында ҚР Құрлықтағы әскери десант шабуылдаушы әскерлері қолбасшысының бекітуімен 25 шілдеден басталып, 25 тамызға дейін өтеді. Жиындар аяқталғаннан кейін оларға кезекті әскери атақ беріледі.

Мамандықтарға сәйкес әрбір әскери міндетті офицер әскери бейіннің негізгі пәндері бойынша қажетті білім мен тәжірибе алып шығады. Жедел-тактикалық дайындық, Мемлекеттік құпияларды

қорғау, моральдық-психологиялық қамтамасыз ету, әскери педагогика және психология, әскери топография және т.б. пәндерден сабақ алады.

**Айдын НҰРЛАНҰЛЫ,**  
**запастағы лейтенант:**

– Оқу-жаттығу Қорғаныс істері басқармасының жинақтауы арқылы жүргізіледі. Қазіргі таңда «Қараой» оқу-жаттығу полигонында оқу-жаттығу өткізудеміз. Басты мақсат – әскери біліктілікті арттыру, әртүрлі оқу-жаттығудағы меңгерген тәжірибені жетілдіру. Өткізілген әскери жаттығулардың басым көпшілігі ұрыс тактикасына бағытталған. Полигонға келгенімізге 3 апта болды. Оқ дәрілер, жатын орын, тамақ қазармада толығымен жабдықталған. Лейтенанттан бастап, майор шеніне дейінгі запастағы офицерлер 1 ай көлемінде оқу-жаттығудан өтетін

болады. Біліктілігі жоғары офицерлерден көп нәрсе үйрендік.

**Айбек БАҚЫТҰЛЫ,**  
**жұмылдыру резервін дайындау оқу орталығының оқытушысы, капитан:**

– ҚР Қарулы күштері десанттық шабуылдаушы әскерлері қолбасшысының жедел хаты бойынша жұмылдыру резервін дайындау оқу орталығының жеке құрамы запастағы офицерлерді дайындауда. Жеке құрам АКС 74 қаруынан 4-бақылау ату жаттығуын, екінші оқу нүктесі ПМ-9 тапаншасынан оқу жаттығу орындайды. Әскери кафедра бітірген жоғары білімді офицерлер, кезінде келісім-шарты аяқталып немесе кезекті демалысқа шыққан офицерлер келуде. Оперативті тактика, атыс сабақтары теория және практика жүзінде өтеді. 1 ай көлемінде 19 пәннен сабақ алып шығады.

## ИСЛАМИАДА

# Көк Туымыз желбірей берсін!

Түркияның Кония қаласында V Ислам ынтымақтастығы ойындары өтіп жатыр. Халық арасында Исламиада атымен танылған халықаралық жарысқа әлемнің 54 мемлекетінен 4 мыңға жуық спортшы қатысуда. Айтылған бәсекеде Қазақстан намысын 125 спортшы қорғап жатыр. Отандастарымыз спорттың 16 түрінен сайысқа түсіп, бақ сынауда.



Ислам конференциясы ұйымының ұйымдастыруымен бауырлас мұсылман елдері арасында алғашқы спорттық жарыс 2005 жылдың 8–20 сәуір аралығында Сауд Арабиясының Мекке қаласында өткен. Алғашқы исламиада Қазақстан спортшылары үшін жемісті болды. 27 жүлдеге (13 алтын, 8 күміс және 6 қола) ие болған біздің құрама жалпыкомандалық есепте үшінші орыннан көрінді.

Биыл Конияда өтіп жатқан жарыстың да

командалық есебінде үздік үштікке енуге барлық мүмкіндігіміз бар. Газетіміздің алдыңғы санында велоспортшыларымыздың, жеңіл атлеттеріміздің және үстел теннисте бақ сынаған спортшылардың жетістіктері туралы жазғанбыз. Ендігі кезекте жарыстың келесі күндерінде қол жеткізген құрама жүлделерінің сүйіншісімен бөлісейік.

Спорттық гимнастикадан Қазақстан командасы Ислам ынтымақтастығы ойындарында қоржынға кезекті төрт медаль әкел-

ді. Командалық жарыста біздің спортшыларымыз жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді. Сондай-ақ, тағы үш күміс жүлдені отандық гимнастар жекелей жарыстарда жеңіп алды. Милад Карими штангадағы жаттығуларда, Нариман Курбанов ат үстіндегі жаттығуларда және Дмитрий Потанин еркін жаттығуларда екінші болды.

Алдын ала жүгіру барысында 400 метрді 44,94 секундта жүгіріп, ел рекордын жаңартқан Михаил Литвин осы сайыстың финалында алтын жүлдеге ие болды. Шешуші жарыста жерлесіміз арақашықтықты 45,36 секундта бағындырды. Құраманың жеңіл атлетикадан исламиададағы жетістіктері мұнымен аяқталған жоқ. Биіктікке секіруден 1,87 метр нәтиже көрсеткен қазақстандық спортшы Кристина Овчинникова қола жүлде жеңіп алды. Ал қатарынан үш рет секіруде Мария Ефремова 13,84 метр көрсетіп, жарысты бесінші орында аяқтады.

Құрама қоржынын алтынмен толықтырған спортшылар қатарында қазақстандық зилтемірші Арли Чонтей бар. Ол 55 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, үшінші болды. Айта кетсек, Ислам ынтымақтастығы ойындары 18 тамызға дейін жалғасады. Алдағы күндері бақ сынайтын жерлес-терімізге сәттілік тілейміз!

**Досбол АТАЖАН.**

## ҮСТЕЛ ТЕННИСІ



## Алан тағы да алтын алды

**Үстел теннисінен Қазақстан командасының өкілі Алан Құрманғалиев Швецияның Хельсингборг қаласында өткен WTT Youth Contender турнирінің алтын медалін жеңіп алды.**

Ол 15 жастағы спортшылар арасында чемпион атанды. Алан турнир барысында даниялық Янус Беседті (3:0), Үндістаннан келген Баламуруган Раджасекаранды (3:1), неміс Фридрих Кун Фон Бургсдорфты (3:1), Швед Питер Алестедтті (3:0) жеңді.

Жартылай финалда қазақстандық спортшы корейлік Ли Сынсуды айқын басымдықпен жеңді, есеп – 3:0. Шешуші матчта Алан Құрманғалиев Оңтүстік Корея командасының тағы бір өкілі Квон Хекпен кездесті. Текетірес 3:1 есебімен бітті, қазақстандық спортшы турнирді алтын жүлдемен аяқтады.

Айта кеткен жөн, бұл марапат жас спортшымыз үшін халықаралық деңгейдегі 15-ші жеңіс болды.





## ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындылары талқыланды

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыровтың төрағалығымен Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша отырыс өтті.

Іс-шараға Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшылығы, қаланың қоғамдық кеңесінің мүшелері және мекеме қызметкерлері қатысты.

Басқосуда агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау саласындағы және «Алматы «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдаудың қорытындылары, сондай-ақ ұсынымдардың орындалу барысы айтылды. Әлішер Әбдіқадыров мемлекеттік қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмысты күшейтуге шақырды.

– Әрбір мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған нақты шараларды қабылдауы керек. Сыбайлас жемқорлыққа тек үйлестірілген әрекеттермен ғана тиімді қарсы тұруға болады, – деп хабарлады шаһар басшысының орынбасары.

Қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ведомствосының басшысы Асхат Оразханнның айтуынша, аталған іс-шараның мақсаты – басқарманың алдағы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бойынша алдын алу шараларын қабылдау болып табылады.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Алтынай Көбеева көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына бағалау жүргізу үшін қоғамдық кеңестің әлеуетін пайдалануды ұсынды.

Жиын қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және жолын кесу бойынша тиісті ұсынымдар әзірленді.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».

## ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ


## ГИДРАВЛИКАЛЫҚ СЫНАҚ ӨТЕДІ

Алматының бірқатар көшелерінде жылу желілеріне тексеру жұмыстары жүргізіледі



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Алматы жылу желілері» ЖШС-нің баспасөз қызметінің мәліметінше, қалада жылу беру кешенін алдағы жылу маусымына дайындау мақсатында жылу жүйесі жабдықтарының жағдайын тексеру және құбырлардың проблемалық аймақтарын анықтау үшін тексеру жұмыстары жүргізілуде.



Осыған орай, 31 тамыз бен 9 қыркүйек аралығында сағат 04.00-ден 07.00-ге дейін Алматының сегіз ауданының аумағында жылу желілеріне гидравликалық сынақтар жүргізіледі. Сол себепті, қала тұрғындарына сынақ жүргізілетін орындарға көліктерін қоймауға кеңес беріледі.

Неге десеңіз, қауіпсіздік шараларына қарамастан, сол аймақтарда судың жер бетіне шығуы, жол жамылғысының ішінара бұзылуы секілді төтенше жағдайлар орын алуы мүмкін. Естеріңізде болсын, мұндай жағдайларда өз бетіңізше дербес әрекет жасамаңыз. Керісінше, дереу оқиға орнынан кетіп, «Алматы жылу желілері» ЖШС-не 378-06-48 (кең. 1014), 378-06-62 (кең. 1013) нөмірі бойынша немесе 109 телефондары арқылы хабарлаңыз.

«Алматы жылу желілері» ЖШС мамандарының айтуынша, аталған аумақтардың контурында тұратын барлық тұтынушыларды ыстық сумен қамтамасыз ету толығымен сақталады.

Жылу желілерін көше бойынша сынау кестесімен газетіміздің сайттағы парақшасынан таныса аласыздар.

## ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

### БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

#### «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503 (жеке жазылушылар үшін)**  
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

**15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)**  
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)**  
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:  
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

#### 2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

##### «ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

##### «ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

## ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

## ЕГЕР:

- \* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- \* бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;
- \* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

## ЕГЕР:

- \* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- \* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарла-сыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

## ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

### COVID- 19 ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
**МЕДИА-ОРТАЛЫҚ**

12.08.2022 ж. күнгі деректер бойынша  
ҚР өңірлерінде КВИ-ға қарсы  
вакцинациялау жүргізу туралы ақпарат

I компонентпен  
екпе алған  
адамдар саны

II компонентпен  
екпе алған  
адамдар саны

|                      |            |            |
|----------------------|------------|------------|
| 1. Нұр-Сұлтан қ.     | 543 546    | 517 494    |
| 2. Алматы қ.         | 1 216 626  | 1 189 790  |
| 3. Шымкент қ.        | 707 597    | 696 838    |
| 4. Ақмола облысы     | 377 364    | 364 685    |
| 5. Ақтөбе облысы     | 445 272    | 436 821    |
| 6. Алматы облысы     | 1 186 512  | 1 137 577  |
| 7. Атырау облысы     | 293 696    | 278 345    |
| 8. ШҚО               | 1 032 249  | 1 025 716  |
| 9. Жамбыл облысы     | 773 870    | 763 554    |
| 10. БҚО              | 298 046    | 288 801    |
| 11. Қарағанды облысы | 727 450    | 679 875    |
| 12. Қостанай облысы  | 381 449    | 368 372    |
| 13. Қызылорда облысы | 516 419    | 510 778    |
| 14. Маңғыстау облысы | 281 768    | 274 417    |
| 15. Павлодар облысы  | 385 695    | 376 967    |
| 16. СҚО              | 342 950    | 338 862    |
| 17. Түркістан облысы | 1 295 576  | 1 291 733  |
| Барлығы ҚР бойынша:  | 10 806 085 | 10 540 625 |

Бас директор –  
**Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

Қабылдау бөлмесі:  
232-36-61.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел.: 232-36-53

Бас редактордың  
орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**  
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-  
шылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

WEB-редакция жетекшісі –  
**Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ**,  
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**,  
тел.: 232-36-51.  
e-mail: d\_kuanyshe@mail.ru

Жарнама бөлімінің  
менеджері –  
**Дана ӘЛМЕШ**,  
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@  
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –  
**Алия ЕСИМХАНОВА**  
тел.: 232-36-51. e-mail:  
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ  
Алматы почтамтына: 259-88-99  
(ішкі 20500, 20018) телефондары  
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
**«Almaty Aqparat» ЖШС.**  
[almaty-aqparat@mail.ru](mailto:almaty-aqparat@mail.ru)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі  
күндері шығады.  
Апталық  
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№КЗ80VPY00026040  
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның  
компьютер орталығында теріліп,  
беттелді.  
Суреттердің сапасына  
редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші  
жауап береді.  
Автордың мақалалары редакция  
көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де  
басылды. 050044, Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.  
Тел.: 273-50-53  
Офсеттік басылым,  
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің  
электронды нұсқасы  
«AIR ASTANA»  
әуе компаниясы бортндағы  
жолаушыларға қолжетімді.**





## Біз – бақытты баламыз

Рая  
ЕСКЕНДІР

Биылғы жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Балалар жылы» деп жариялауы көптеген оң бастаманың бастауы болып отыр. Қазіргі таңда еліміздің барлық өңірлерінде балаларға арналған орталықтар, денсаулық саласына қатысты мекемелер мен спорттық ұйымдар ашылып жатыр.



Осының өзі мемлекет тарапынан Балалар жылына жасалып жатқан тарту екені сөзсіз. Мәселен, осынау ел игілігі үшін жасалып жатқан шаруалардан мектепке дейінгі мекемелер де шет қалмай, өз үлестерін қосуда. Жыл басынан бері қалалық Білім басқармасына қарасты №77 бөбекжай-балабақшада да әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, бүлдіршіндердің есінде ұзақ уақыт бойы қалып жатыр.

Кез келген мемлекеттің басты құндылығы балалар екені даусыз. Сондықтан балалардың бақытты өмірі қашаннан басты тақырып.

Аталмыш балабақшада жаз бойы түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Әсіресе, балаларды еңбекке баулу, қоршаған ортасын жақсы көру, таза ұстау, табиғатты күтіп-баптауға бейімдеу бағытындағы іс-шаралардың балаларға бергені көп болды.

«Біздің басты мақсатымыз – балаларды еңбекке үйрету, ортаға бейімдеу. Осындайда «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» деген мақалдың өзектілігі ойға оралады. Сондықтан біз кез келген іс-шарамызда балаларды еңбекке үйретіп, оны ойынмен байланыстырып түсіндіруге тырысамыз.

Ең бастысы, балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру, қолайлы жағдай жасау», – дейді №77 бөбекжай-балабақшасының ересек тобының тәрбиешісі Ляззат Есқараева.



### ЖЕР-ЖАҢАҢ



Джессика Кокс – жарық дүниеге екі қолсыз келген әйел. Анасының жүктілік кезінде тапсырған бірде-бір анализі құрсақтағы шарананың дамуында ақауы барын көрсетпеген екен.

Нандо Паррадо және бірнеше жолаушы мінген ұшақ апатқа ұшырап, олар 72 күн бойына қара суықта көмек күтіп жатып қалған. Олар көкке көтерілген күн 13-і болатын.

Жастар әуеге көтерілген кезде осы бір «бақытсыз» санды сөз қылып, қалжыңға да ерік беріп, әбден күлгендері де рас еді. Расымен де олар отырған ұшақтың қанаты таудың ұшар басына соқтығысып қалып, салдарынан тепе-теңдігін жоғалтып, төмен құлдылай жөнеледі. Ұшақ жерге құлаған кезде 13 жолаушы бірден тіл тартпай кеткен. Ал 32 адам ауыр жаракат алса да, аман қалады. Олар аш-сусыз 72 күн бойы елсіз жерде жатады. Суықтан қатып қалмас үшін бір-біріне жабысып, тіпті өліктерді «жамылып» ұйықтаған. Аштан өлмес үшін опат болған жолдастарының етін жеуге көшкен. Осылайша тірі қал-

## Өлімді жеңген жолаушы



ғандары тағы екі апта өмір сүреді. Апаттан кейін 60-шы күні Нандо мен оның екі досы бұлай жата беру жарамас деп, өлген адамдардың да жылы киімдерін қабаттап киіп алып, сырттан көмек сұрау үшін мұзды шөлді бетке алады. Аштықтан, суықтан аяқтары икемге көнбей қалтырап келе жатса да, олар тоқтамай алға жылжи берген. 10-шы күн дегенде таудың етегіне апаратын жолды тапқан. Сөйтіп, бір фермерді кездестірген екен. Паррадо тікұшақпен шыққан құтқару тобына жол көрсете отырып, апатқа ұшыраған жерге әкеледі. Бұл – 1972 жылғы желтоқсан болатын. Құтқарушылар жеткенде апат орнында 8 жолаушы ғана тірі қалған екен.

Ұшақ апатынан кейін Нандо бірден 40 кг салмақ жоғалтқан. Оның түсінен көпке дейін өлім иісі мүлкіген апат орны кетпей қойған. Қазір ол адамдарға қиындықты жеңе білу, өмір, сабыр, төзім, үміт, бақыт, жақсылықтар туралы дәрістер оқып жүр.

## Тағдырына мойынсұнбаған әйел

Эстер 1981 жылы Нидерландыда дүниеге келген. Бала кезінен спортпен шұғылданып, жүзумен белсенді түрде айналысқан. Дегенмен, физикалық жаттығулар кезінде қыз тез шаршап қалып, өзін жиі жайсыз сезінетін.

Оған дәрігерлер көпке дейін нақты диагноз қоя алмаған-ды. Миына бірнеше мәрте қан құйылып, ауруханаға түскен кезінде дәрігерлер оған миелопатия деген диагноз қояды. 9 жасында оған шамамен 10 сағатқа созылған күрделі операция жасалады. Өкінішке орай, ота кезінде қыздың екі аяғы

жансызданып қалады. Бірақ оған мүгедектер арбасы бала күнгі сүйікті спортымен айналысуына кедергі бола алмайды. Ол баскетбол мен волейболды тамаша ойнайды. Дегенмен, оған даңқты теннис ойыны әкелді. Вергер «Үлкен дулыға» турнирлерінің 42 мәрте чемпионы атанды. Эстердің жүздеген жеңісі спорттық мансапты армандайтын мүмкіндігі шектеулі талай адам үшін шабыт көзі бола білді. 2013 жылы ол кәсіби спортты тастаса да, жетістіктерге жету жолынан шығып қалған жоқ. Спорттық менеджмент саласында білім алып, қазіргі күні қоларбадағы теннисшілер халықаралық турнирінің директоры. Нидерланд паралимпиадалық құрамасының кеңесшісі қызметін де абыроймен



атқарып келеді. Сонымен қатар, ол науқас балаларға сүйікті спорт түрімен айналысуға көмектесу үшін қайырымдылық қорын құрған.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

### ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

## Акула адамның жауы емес

Акула – теңіздегі ең қауіпті жыртқыш. Теңізден жырақ орналасқан елде тұрсақ та, акула деген сөзді естігенде көбіміздің бойымызды үрей билейді, көз алдымызға тісі ақсиган алып балық келе қалады. Тіпті, оны тірідей ешқашан көрмесек те, жануарлар туралы бағдарламалардан, түрлі фильмдерден оның қаншалықты қауіпті екенінен хабардармыз.

Жалпы, әлемде акуланың 400-ге жуық түрі бар. Олардың санаулы ғана түрі адамға қауіп төндіреді екен. Мұхиттағы жануарлар әлемін зерттеген ғалымдар акуланың адамға шабуылы өте сирек кездесетінін айтады. Бірақ биылғы демалыс маусымында акуланың адамға шабуылдаған бірнеше дерегі тіркелді. Египеттің Хургада демалыс аймағында 23 әйел адам акуланың шабуылынан өлім құшса, Флоридада 17 жастағы қыз бала акуланың шабуылынан бір аяқсыз қалды. Осы жағдайлардан кейін туристердің көбі теңізде демалуға қорқып қалды.

Бүгінде ғалымдар акулалардың адамға шабуылдауына не себеп болғанын анықтау үшін бас қатыруда. Зерттеушілердің болжамынша, біріншіден, осы аймақтарда шамадан тыс балық ауланатындықтан, акулалардың азығының азаюы, екіншіден, судың температурасы қызған кезде акулалар ашкөз болып кетеді екен, үшінші, дайверлер мен туристердің акуланы қолдан тамақтандыруы.

Акуланың құрбаны болған адамдардың көбіне қолына, аяғына зақым келеді. Бұл дегеніміз, жыртқыштардың адам қолынан жем жеуге дағдыланғанынан болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, биыл Қызыл теңізде кеме батып, 16 000 бас қой суға кеткен еді. Бұл да акулалардың жағаға жақындауына себеп болған секілді.

Жалпы, акулалар адам етін жемейді екен. Көбіне адамдар жыртқыш шабуылдаған кездегі алған жаракатынан қаза табады. Әдетте голливудтық фильмдер мұхит жыртқышын әсірелеп көрсетеді.



Ал адамдар жылына 100 миллион акуланы өлтіреді. Содан акуланың кейбір түрлері 50–70 пайызға азайып кеткен. Бұл теңіз әлемі үшін қауіпті. Өйткені, бұл жыртқыштар теңіздегі тепе-теңдікті сақтайды. Акуласыз теңіз өледі.

### ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

- Акулалар осыдан 400 миллион жыл бұрын пайда болған.
- Жыртқыштардың 2000-ға жуық тісі болады. Олардың тістерінен небір зергерлік бұйымдар жасалады.
- Акулалар дельфиндерден қорқады. Олар өте сақ жыртқыш болғанымен, жалғыз жүргенді ұнатады. Зерттеушілердің болжамынша, акулалар топталып жүретін дельфиндерден сол үшін қайығыады.
- Акулалардың ұзындығы 20 метрге дейін, салмағы 14 тоннаға дейін барады.

Айнұр СЕНБАЕВА.